

Бастауыш сыныптарға арналған

«Қоршаған орта экологиясы»

оқу-әдістемелік құралы

Ақтау 2016

УДК 373.167.1:502.1 (075.2)
ББК 20.1я72

«Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралы. Бастауыш сыныптарға арналған. /Автор - құрастырушы: М.М. Ақмырзаев, М.Н. Ақмырзаева, «Тұрақты дамуға көмектесу» Орталығы» Қоғамдық қорымен безендірілген. Ақтау, 2016.

ISBN 978-601-239-448-1

Төменгі сыныптар үшін «Қоршаған ортаның экологиясы» оқу-әдістемелік құрал 2010-2015 жылдардағы Маңғыстау облысының қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы үздіксіз білім беру бағдарламасын негізінде дайындалды.

Педагогикалық кеңесші, көмекші құрал ретінде оқу-әдістемелік құрал – барша бастауыш сынып мұғалімдері мен ата-аналар үшін де пайдалы бола алады. Құрал оқушыларды экологиялық ой әрекеттері амалдарына бейімдеу платформасы арқылы экологиялық білім, білік және дағды кешенін қалыптастыруды жоспарлаудағы ұстаздың сабаққа дайындық алгоритмі мен түрлі педагогикалық амалдар үлгісі болып табылады.

Оқу-әдістемелік құралдың мәліметтері бастауыш сыныптың жас ерекшеліктеріне қарай берілген, бұл кезеңде балалардың өзіндік тұлға ретінде қалыптасуы, қоршаған ортада, қоғамда өз орнын айқындауы болады. Дәл осы шақта балаларға адам баласы үшін экологиялық таза қоршаған ортаның маңыздылығын түсіндіру керек, сол үшін де табиғатты аялап, қорғауымыз керектігін айтып түсіндіру қажет.

Бастауыш сыныптарға арналған «Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралы Маңғыстау облысының ММ «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» тапсырысы бойынша «Тұрақты дамуға көмектесу» Орталығы» Қоғамдық қоры ұйымдастыруымен дайындалды.

УДК 373.167.1:502.1 (075.2)

Автор –құрастырушылар: Ақмырзаев М.М., Ақмырзаева М.Н.
Безендірген: «Тұрақты дамуға көмектесу» Орталығы» Қоғамдық қоры

ISBN 978-601-239-448-1

© ҚК «Тұрақты дамуға көмектесу» Орталығы», 2016
© Ақмырзаев М.М., Ақмырзаева М.Н., 2016

КІРІСПЕ

Маңғыстау облысының ММ «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» тапсырысы бойынша «Тұрақты дамуға көмектесу» Орталығы» Қоғамдық қоры ұйымдастыруымен дайындалған бастауыш сыныптарға арналған «Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралы ұстаздар қауымынан өз бағасын алды және экологиялық бағдар беру жұмысына қосымша материалдар көзі ретінде пайдаланылып жүр.

Бастауыш мектеп – мұғалімнің алуан түрлі технологиялық тәсілдерге оқушылардың икемделуінің, бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен дамып, қарқынды енгізіліп жүрген ақпараттық-коммуникациялық ұйымдастыру техникасының мүмкіндіктерін қолдана отырып, экологиялық функционалдық сауаттылыққа жетуге қызмет ететін қазіргі заманғы инновациялық педагогикалық технологиялардың түрлі қалыптарына бейімделуінің дәні себілетін алаң.

Білім беру үдерісін толық жобалау, жоспарлау және құрастыру іргетасы ретінде, педагогикалық технологияны мұғалім оқушылардың жалпы дайындығы мен ОӘА (ой әрекеттері амалдары, яғни ойлауды іске асыру амалдары) және ББД (білім, білік, дағды) қалыптасуы деңгейіне қарай, өзінің іс-тәжірибесі мен педагогикалық ұстанымдарды меңгеру дәрежесіне сай таңдайды. Өте маңызды мәселе мұғалімнің жаңғыртылған білім беру стандарттары мен бағдарламалары шеңберінде сабақты түрлендіре алу мүмкіндігі, яғни жалпы білім беру пәндері оқулықтарының мәтіндеріне енген, экологиялық білімді қалыптастыру кепілі болатын ерекше тәсілдемесін, әсіресе бастауыш мектептегі білім берудің басты дидактикалық ұстанымы: қарапайымнан күрделіге, жақындығы көзге таныс нәрседен, алыстағы абстрактылық ұғымға дамып-жетілу әрекетін іске асыра алу шеберлігімен шешіледі. Бұл, балалардың ғаламдық экологиялық күрделі мәселелерді ұғынуды, оны ой-санасынан өткізуді – жергілікті түйінді мәселелерді меңгеруінен және жергілікті деңгейде мониторинг жүргізу амалдарына төселуден бастайтындығын ескеру іргетасы.

Оқулық пен мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал мазмұнының негізіне қоршаған табиғи ортаны қорғаудың басты ұстанымдары алынған:

- Адам денсаулығы және тіршілігін қорғау ұстанымы;
- Экологиялық заңнаманың талаптарын сақтау;
- Қоғамның экологиялық және экономикалық мүддесінің үйлесімділігі;
- Табиғат қорғау міндеттерін шешудегі жариялылық;
- Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
- Ортаны қорғаудағы халықаралық ынтымақтастық.

**Бастауыш сыныптарына арналған
«Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралының
бағдарламасы**

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Тақырып атауы	Апталар
1	Қоршаған орта	1-2
2	Ауа	3-4
3	Су	5-6
4	Күн энергиясы	7-8
5	Жер және топырақ	9-10
6	Өсімдіктер	11-12
7	Жануарлар	13-14
8	Қорытынды сабақ	15
9	Табиғи зоналар	16-17
10	Экожүйелер	18
11	Қоректік тізбек	19
12	Табиғаттағы зат айналымы	20
13	Табиғаттың өзгеруі	21
14	Табиғаттағы маусымдық өзгеріс	22-23
15	Қорытынды сабақ	24
16	Өсімдіктер мен жануарлардың бейімделуі	25
17	Ертедегі жануарлар	26
18	Менің Қызыл Кітабым	27-28
19	Жануарлар әлемінің қызыл кітабы	29-30
20	Қорытынды сабақ	31
21	Болашақта бізді не күтіп тұр?	32

КУРС МАЗМҰНЫ

1. Қоршаған орта

Қоршаған орта бөліктері (компоненттері). Қоршаған орта компоненттерінің өзара байланысы. Қоршаған орта тірі ағзаларға, ал ағзалар қоршаған ортаға қалай әсер етеді? Тірі және өлі табиғат. Тірі және өлі табиғаттың өзара байланысы.

Практикалық жұмыс: «Табиғатқа адамның ықпалы», «Тірі және өлі табиғат» атты бейнелі суреттерге қарап, кестені толтыру және әңгіме құрастыру. Кестесін толтыру. Сөзжұмбақты шешу.

2. Ауа

Ауа дегеніміз не? Ауа неден тұрады? Ауаның маңызы. Ауаның ластануы. Ауаны ластанудан қалай қорғауға болады?

Практикалық жұмыс: Жұмбақты шешу. Ауаның маңызы туралы талқылау және кестеге сипаттама беру. «Адам ауаны пайдалануды қалай үйренді, ауаның күші» тақырыбын талқылау. «Ауа таза болса, Жер бетіндегі өмірді қалай бейнелейсін» тақырыбында сурет салу.

3. Су.

Қоршаған ортадағы су. Судың адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі рөлі. Судың ластануы. Суды кімдер көп ластайды? Қандай жағдайда суды сақтауға болады?

Практикалық жұмыс: Жұмбақты шешу. Сөзжұмбақты шешу. Қоршаған ортада су қайда кездеседі? Судың ластану себептерін анықтау. «Суды қорғау» белгісін салу.

4. Күн энергиясы

Күн сәулесінің адам, жануарлар және өсімдіктер әлеміндегі рөлі. Күн энергиясын қалай пайдалануға болады?

Практикалық жұмыс: Жыл маусымдарын анықтау. «Дене энергияны қайдан алады?» тақырыбын талқылау. «Менің күн бейнем» суретін бейнелеу. «Күн көзі» ойынын жүргізу. Күнмен қалай сөйлескенің туралы әңгімені жазу.

5. Жер және топырақ

Топырақ дегеніміз не? Топырақтың адам өмірі, жануарлар және өсімдіктер әлеміндегі рөлі. Топырақтың ластануы.

Практикалық жұмыс: Топырақтың құнарлылығын анықтау. Адам топырақты қалай пайдаланады? Видео жазба «Сергіту сәті». Топырақтың ластану себептерін анықтау.

6. Өсімдіктер

Адам және жануарлар әлеміндегі өсімдіктердің маңызы. Маңғыстау облысының өсімдіктері. Адам өсімдіктерді қалай пайдаланады? Өсімдіктермен жұмыс жасау ережелері.

Практикалық жұмыс: Маңғыстау облысының өсімдіктерін анықтау. «Адам өсімдіктерді қалай пайдаланады?», «Адам өсімдіктерге қандай зиян келтіреді?» кестелерін толтыру. Видео жазба «Сергіту сәті». Өсімдіктермен жұмыс жасау ережелерінің суретін сал. Егер өсімдіктер болмаса, онда Жер бетінде, адамдар мен жануарлар әлемінде қандай өзгеріс болатыны туралы әңгіме жазу.

7. Жануарлар

Жануарлар дегеніміз не? Маңғыстау облысының жануарлары. Жануарлардың табиғат пен адам өміріндегі маңызы. Жануарлардың жойылуы және оларды қорғау шаралары. Жануарларды қорғау үшін қандай жұмыстарды жүргізуге болады?

Практикалық жұмыс: Маңғыстау облысының жануарларының аттарын жазу. «Жануарлардың адам өміріндегі атқаратын рөлі» тақыры-

бындағы кестені толтыру. Видео жазба «Сергіту сәті». Сурет бойынша аң аулау құралдарының аттарын табу. «Жануарларды қорғау ережелері» белгісін салу.

8. Қорытынды сабақ

Қоршаған орта компоненттерін тізбектеп айту. Келесі сұрақтарға жауап беру: Ауа құрамына қандай заттар кіреді? Тірі ағзалардың тыныс алуы үшін қандай газ қажет? Ауаны ластанудан қалай қорғауға болады? Суды қорғау ережелерін жазу. Күннің Жер, жануарлар мен өсімдіктер әлеміндегі рөлі. Күн энергиясын қалай пайдалануға болады? Өлі теңіз жайындағы әңгімені талқылау.

9. Табиғи зоналар.

Табиғи зоналар дегеніміз не? Қазақстанның табиғи зоналары: орманды дала, дала, жартылай шөлді, шөлейтті. Маңғыстау облысының табиғи зоналарын сипаттау.

Практикалық жұмыс: Әрбір табиғи зонадағы жануарлар мен өсімдіктер әлемін сипаттау. Шөл даланың жануарларын анықтау. «Маңғыстау облысының климаты» әңгімесіндегі қалып кеткен сөздерді тауып орнына қою. Туған өлкенің табиғатын бейнелеу.

10. Экожүйе

Экологиялық жүйе дегеніміз не? Экожүйе неден тұрады? Экожүйе бөліктерінің өзара байланыстары. Экожүйенің бұзылуы.

Практикалық жұмыс: Экожүйенің суретін салу. . Видео жазба «Сергіту сәті». Арал теңізі экожүйесінің бұзылу себептерін анықтау. Бұзылған экожүйе туралы әңгіме жазу.

11. Қоректік тізбек

Қоректік тізбек дегеніміз не? Тұйықталған қоректік тізбектер. Қоректік тізбектің бұзылуы.

Практикалық жұмыс: Қоректік тізбек пен тұйықталған қоректік тізбекті құрастыру. Берілген суреттер бойынша қоректік тізбектің жеке бөліктерінің атауларын табу. «Қоректік тізбектің бір бөлігі жойылған жағдайда не болады» тақырыбында әңгіме жазу. Қоректік тізбекті мысал түрінде суреттеу.

12. Табиғаттағы зат айналымы.

Зат айналымы түсінігі. Судың үш күйі. «Судың саяхаты» Капитошка туралы ертегі.

Практикалық жұмыс: Табиғаттағы су айналымының өзара байланысын анықтау. «Су саяхаты» әңгімесі бойынша сұрақтарға жауап беру. Видео жазба көмегімен «Капитошка саяхатын» қайта әңгімелеп беру.

13. Табиғаттағы өзгеріс

Табиғаттың табиғи өзгерісі. Адамның іс-әрекетінен табиғаттың өзгеруі.

Практикалық жұмыс: Материктерді санау. . Видео жазба «Сергіту сәті». Сурет бойынша ертедегі жануарлардың аттарын анықтау. Табиғатқа адамның ықпалын білдіретін белгіні сипаттау. Адам қызметінің

табиғатқа қалай ықпал ететіндігі туралы кестені толтыру. Адамның әсерінен өзгерген табиғат пен жабайы табиғаттың суреттерін бейнелеу.

14. Табиғаттың маусымдық өзгерісі

Жыл мезгілдерінің ауысу себептері.

Практикалық жұмыс: Жыл мезгілдерін анықтау. «Жыл маусымы» суретін бояу. «Шытырман» ойыны. Жаздың иллюстрациясын салу. Күн жүйесі туралы видеожазба көру.

15. Қорытынды сабақ.

Маңғыстау облысының табиғи зоналары. Келтірілген тізімдегі артық табиғи зонаны анықтау. Маңғыстау облысы туралы әңгімедегі дұрыс сөздерді табу. Қоректік тізбекті құрастыру. Адамның іс-әрекетінен туындайтын қолайсыз теріс ықпалдарды суреттеу. Адам табиғатта өзін-өзі қалай ұстауы керек? Жұмбақтардың шешу.

16. Жануарлар мен өсімдіктердің бейімделуі.

Жануарлар мен өсімдіктер әлемінің бір түрлері жойылып, екінші түрлерінің пайда болу себептері. Бейімделу түрлері.

Практикалық жұмыс: Әңгіменің не жайында айтылып жатқандығын табу. Әңгіме мен сурет бойынша теңіз атауын анықтау. Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің аттарын кестеге жазу. Қоршаған ортаға адам қалай бейімделетіндігі туралы әңгіме жазу.

17. Ертедегі жануарлар

Ертедегі жануарларды сипаттау: птерозаврлар, мамонт, үлкен мүйізді елік, хиротерий мүйізтұмсығы, динотерий, қылыш тісті жолбарыс.

Практикалық жұмыс: «Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы» видео жазбасын көрі. Суреттерді қарап, талқылау. Видео жазба «Сергіту сәті».

18. Менің Қызыл Кітабым

Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жойылу себептері. Қызыл Кітаптың пайда болуы. Қызыл Кітап деген не? Қазақстанның Қызыл Кітабы. Өсімдіктердің Қызыл кітабы. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін мемлекет қалай қорғайды? «Қорық», «қаумал», ботаникалық бақ» дегеніміз не? Маңғыстау облысының сирек кездесетін өсімдіктері.

Практикалық жұмыс: «Жер бетін өсімдіктерсіз қалай елестетуге болады?» иллюстрациясын салу. Маңғыстау облысының сирек кездесетін өсімдіктерімен танысу. Қызыл Кітапқа енгізілген өсімдіктердің суреттерін салу. Жоғалу қаупі төнген өсімдік түрлері туралы ертегі жазу.

(Қосымшалар ішінде «Қара кітап» туралы мәлімет бар).

19. Жануарлардың Қызыл Кітабы

Маңғыстау облысының Қызыл Кітапқа енгізілген жануарларымен танысу: үстірт тау қошқары, қарақұйрық, ителгі, сабаншы, қабылан, төрт жолақты шұбар жылан, каспий миноласы.

Практикалық жұмыс: Өтілген тақырыпты қайталау: «Менің Қызыл Кітабым». Қызыл Кітапқа енгізілген Маңғыстау облысының жануарларын сипаттау. Қызыл Кітапқа енгізілген жануарлардың суреттерін салу.

20. Қорытынды сабақ

Маңғыстау облысының Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген жануарларын тізбектеу. Маңғыстау облысындағы қорғалатын өсімдіктердің аттарын жазу. Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жойылу себептерін анықтау. Маңғыстау облысында қандай қорықтар мен қаумалдар бар? Жер бетінен жойылып кеткен жануарларды атап шығу. Бірнеше жылдар бұрын жойылып кеткен екі жануардың суретін салу. Қорғалатын жерлерді суреттеу және аттарын біріктіру. Есепті шығару.

21. Болашақта бізді не күтіп тұр?

Әңгімелерді оқи отырып, қоршаған ортаның компоненттерін анықта:



- Су
- Ауа
- Топырақ (Жер)
- Өсімдіктер
- Жануарлар

«Болашақтан келген қонақтар» жайлы әңгімелерді оқи отырып, аттарын тап:

- Қышқыл жауын
- Парниктік эффект
- Жердің озон қабаты

№1 ТАҚЫРЫП. ҚОРШАҒАН ОРТА

Сабақтың мақсаты: Адамның мекен ету және іс-әрекеттерін жүзеге асыратын, табиғи және адам қолымен жасалған материалдық әлем ортасы қоршаған орта туралы ғылыми негізделген мағлұматтар беру, қоршаған ортаны қадірлеу сезімін ояту, оқушылардың дүниетанымдық көзқарасы мен оқу дағдысын жетілдіру т.б.

Құрал-жабдықтар: проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері), слайд (тақырыпқа сай суреттер, кестелер), парта санына сай фишкалар – , , ақ қағаздар, фломастер, түрлі-түсті қарандаштар.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, оқушыларды есімі бойынша түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындығын, құрал – жабдықтарын тексеру.

2. Жаңа тақырыпты зерделеу:

Тақырыппен таныстыру үшін кіріспе сұрақтар:

1. Қазір, айналаңызға көз салыңдаршы, қандай заттар бар? Олардың аттарын атаңыздаршы?

2. Егер қазір көшеге шықсақ, сіздердің айналаңызда қандай қоршаған орта құрамдастары болар еді?

3. Сіздерді қоршап тұрған, көзге көрінбейтін ауа бар екендігін қалай байқауға болады?

Мүғалімнің мәтіні: Сабақтың тақырыбы: «Қоршаған орта»(слайд 1)

Қоршаған орта – біздің айналамызды қоршаған, біз сезетін, көретін, пайдаланатын барлық заттар мен табиғат. Қоршаған орта табиғи немесе адам қолымен жасалған жасанды материалдық әлем ортасы болуы мүмкін(слайд 2). Қоршаған ортаның барлық құрамдастары бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Бұл құрамдастардың баршасының маңызы бірдей.

Адамның, өсімдіктер мен жануарлардың өміріне ауа, су, тағам, жылу, күн сәулесі қажет. Жылу және жарықсыз, ауа және сусыз тірі заттардың тіршілік етуі мүмкін емес.

Адам тіршілік етуіне қолайлы баспана, түрлі бұйымдар, техникалық құрал-жабдықтар жасау үшін қоршаған ортаның барлық құрамдастарын (*компоненттерін*) бей-берекет, есепсіз пайдалану табиғатқа зиянды әсерін тигізеді.

Сурет бойынша әңгімелесу(слайд 3).

- Суреттен не көріп тұрмыз?
- Жануарларға нелер жатады?
- Орманда нелер болады?
- Ауа мен су туралы не білеміз?
- Топырақ деген не?

- Қандай өсімдіктерді білеміз?
- Адам қоршаған ортаға қалай әсер етеді?
- Қоршаған орта деген не?
- Қоршаған ортаның құрамдастарына нелер жатады?
- Жылу және жарықсыз, ауа және сусыз заттар тіршілік ете алмайды?
- Адамға өсімдіктер мен жануарлар, ауа, су, тағам, жылу мен жарық


не үшін қажет?

3. Қорытындылау:





Балалар, сіздер бүгінгі сабаққа қандай көлікпен келдіңіздер және қандай оқу құралдарын әкелдіңіздер?

Оқушылар күнделікті өзі қолданып жүрген (кітап, дәптер, теледидар, велосипед, доп т.с.с.) тізімін жасайды, адам жасаған құралдарды топтап, «жасанды» ұғымын нақтылайды.

Кестемен жұмыс (слайд 4). Ең алдымен оқушылар бірінші бағанадағы құрамдастар тізбесімен таныстырылады. Олардың ішінен бірінші табиғат құрамдастарының жасанды ортасын (адам қолымен жасалған) таңдап алады, содан кейін табиғи ортаны белгілейді. Партадағы екі оқушының өзара ақылдасып ортақ шешім алуына рұқсат етіледі. Ортақ жауап бойынша келісімге келген парта бір фишканы көтереді.

(Табиғи орта – , жасанды орта – ).

Кесте 1. Жауаптарды тексеру матрицасы

Су	
Ауа	
Тоңазытқыш	
Күн	
Жер	
Ұялы телефон	
Өсімдік	
Жануар	
Техникалық құралдар	
Пластикалық бөтелке	

Мұғалімнің мәтіні: Қоршаған ортаның барлық құрамдастары бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Бұл құрамдастардың баршасының маңызы бірдей. Адам тіршілік етуіне өсімдіктер мен жануарлар, ауа, су, тамақ, күн, жылу, жарық қажет. Адам қоршаған ортаның барлық құрамдастарын (*компоненттерін*) техникалық құрал-жабдықтар жасау үшін қолданады (слайд 5).

Сергіту сәті: «Алғашқы танысу». Оқушылар орындарынан тұрғызылып, ортадан екіге бөлініп, ортадағы парта қатарының екі жағына тізіліп тұрғызылады.

Тапсырма: Сіздер қазір қарама-қарсы жүріп, әрбір қарсы келген оқушыға қолдарыңызды жүректеріңе қойып, «Сәлемәтсіз бе! Менің есімім – ...» деп өз атыңызды айтып амандасып, келесі оқушыға өтесіз, сөйтіп екі топ бір-бірімен танысады. *(Топтауды партада отыру нұқақаларымен жасаған ыңғайлы).*

Білімді бекіту – тапсырманы таныстыру жұмысы (слайд 3). Суретке қарап, адамның жануарларға қамқорлығы және кейбір жануарлар түрлері жойылып кетуі туралы әңгіме құрастыр.

«Ойлан, төмендегі жауаптың қайсысы дұрыс» (слайд 6) тапсырманы ауызша орындау және «Табиғат» ұғымы туралы мұғалім қорытындысы.

Табиғат. Тірі (жанды) және өлі (жансыз) табиғат.

Суретпен жұмыс (слайд 7).

1. Оң жақтағы суреттен не көріп отырсыңыз? (күн, тау, бұлт, от, су, жер).

2. Сол жақтағы суреттен ше? (өсіп тұрған ағаш, аю, құс, көбелек, гүл, бала, қоңыз).

3. Бірінші суреттегі күн, тау, бұлт, от, су, жер жүре ала ма, тыныс алады ма, қоректені ме?

4. Екінші суреттегі өсіп тұрған ағаш, аю, құс, көбелек, гүл, бала, қоңыз жүре ала ма, тыныс ала ма, қоректені ме?

5. Демек, бұлардың қайсысы өлі, ал қайсысы тірі табиғатқа жатады екен?

Кестесін толтырыңдар (слайд 8).

Қайталау – Тапсырманы орында (слайд 9). Бірінші В кестесімен жұмыс жасалып, содан соң қорытындылау үшін Б кестесін толтыру тапсырылады.

1. Оқушылар, қазір мен табиғаттағы жанды (тірі) және жансыз (өлі) құрамдастардың қасиеттері туралы (слайд 9. Кесте В) бір-бірлеп 12 ерекшелікті айтамын, сіздер мұқият тындап, ойланып, мен қол соққанда ғана, айтылған қасиет жансыз құрамдасқа қатысты болса партада айқасқан қолдарыңа бастарыңды қойып «ұйқыға» кетесіздер. Ал егер сөйлем жанды құрамдасқа қатысты болса, түрегеліп, қолдарыңды шапалақтайсыздар.

2. Өз бетімен, өзін өзі тексеру сатысы (экранға шығарылып, сол бойынша, оқушылар өз жауаптарын партадағы жұптар болып өзара тексереді де, сәйкессіздіктер бойынша талқылау жасап, ортақ шешімге келуге үйретіледі).



Сурет. 1. Тапсырма жауаптарының үлгілік нұсқасы(слайд 9)

Қосымша сұрақтар:

1. Құрлықта кездесетін өсімдіктер мен таулардың айырмашылығы неде?

2. Құс та, самолет те ұшады, олардың айырмашылығы қандай?

3. Қозғалуға қабілетті автомобиль неліктен табиғаттың жансыз және қоршаған ортаның жасанды құрамдастарына жатқызылады

Өз бетімен жұмыс: В кестесін толтыру

Сабақты қорытындылау: Сонымен, балалар, бүгінгі сабағымызды түйінделік!

1. «Қоршаған орта» дегеніміз нелер және кімдер?

2. Жасанды және табиғи ортаның айырмашылығы неде? (мысалдар келтірілік).

3. Тірі (жанды) және өлі (жансыз, заттық) табиғат құрамдастарының ерекшелігі қандай? (Мысал келтірілік).

4. Үй тапсырмасы:

1. Тапсырманы аяқтау 3-ші слайд бойынша;

2. Ата-аналарыңмен бірлесіп «Тірі және өлі табиғат» сөзжұмбағын шешу.

№2 ТАҚЫРЫП. АУА

Сабақтың мақсаты: ұғымдарды, ғылыми нақты деректерді ғылыми тұрғыдан меңгертуді ұйымдастыру, «Ауа және оның құрамы» ұғымын түсіндіру, ауа туралы толық мағлұмат беру, ауаның құрамдастары (оттегі, көмірқышқыл газ) және жанды тіршілік (жануарлар мен өсімдіктер) арасындағы өзара байланысты анықтау т.с.с.

Құрал-жабдықтар: проекциялық аппарат кешені не/немесе жұмбақсөз мәтіндері жазылған карточкалар, сөзжұмбақ тор кестесі, «Қоршаған орта» тақырыбындағы кілттік сөздерді жинақтау суретті кестесі,

слайдтар, парта санына сай қағаз зырылдауық дайындамалары (15 дан 10 x 10 см қағаз төртбұрыш, 15 – 3 см қалпақты шеге), 2 минуттық құм-сағат немесе экрандық таймер.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті.

Оқушылардың сабаққа қатысын, оқу құралдарын, сынып бөлмесінің сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын тексеру:

Оқушылар, өз қалауымен, адамның қоршаған ортаға әсер етуі туралы айтады.

Бағыттау сұрақтары: Адамның топыраққа, суға, ауаға, өсімдіктер мен жануарларға қалай әсер ететіндігіне мысал келтіре аламыз ба?

Енді біз бәріміз бірге, сөзжұмбақ жауаптарын қаншалықты дұрыс шешкенімізді тексерелік(слайд 10- Тақырып№2).

Мұғалімнің мәтіні: Балалар! Біздің сөз жұмбағымыздың тақырыбы қандай? (Жауап болмаса немесе қате жауап айтылса, мұғалім: көлденең жолды бояйды.). Сонымен сөзжұмбақ тақырыбы қандай? – **ТАБИҒАТ**)

Білімді жүйелеу тапсырмасы: жұмбақ жауаптарындағы нысандар табиғаттың қандай құрамдасына жататындығын және олар қандай қоршаған ортаның өкілдері екенін анықтайды.(жинақтаушы кестеге жауаптары толтырылады)

3. Жаңа тақырыпты зерделеу (слайд 1).

Мұғалімнің мәтіні: балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы келесі жұмбақта жасырылған. Қане, мұқият, назар салып , тыңдаңыздар (слайд 2). Жауап қандай? Ендеше бүгін «Ауа» туралы ғылыми деректермен танысамыз.

Тақырыпқа кіріспе – тыныс гимнастикасы

Мұғалімнің мәтіні: Қазір біз тыныс алуға байланысты бір жаттығу жасаймыз. Барлығың өз парталарыңның жанына шығып, маған қарай бұрылып тік тұрыңдар (Балалар парта жанында бір-біріне бөгет жасамас үшін 45 градусқа бұрылып тұрады). Енді алақандарыңды жоғары қаратып қолдарыңды екі жаққа тіке созыңдар (Мұғалім бұл қимылды өзі жасап көрсетеді, қол иық деңгейінде толық жазылады). Енді менімен бірге қолдарыңды шынтактан бүгіп, алақандарыңмен ауаны ауызға қарай желпіп, мен 1, 2, 3, 4 деп санағанша «Аааа у» деп ауызбен ауа сорамыз да, 5, 6 дегенде қолды жазып ауаны сыртқа шығарамыз. Осылайша 4 рет қайталаймыз. Рахмет, балалар, орындарыңа отырыңыздар.

Балалар, осы жаттығу кезінде бәріміз бір сөз айтқан сияқтымыз?! ... балалар жауабы тыңдалады. Партадағы оқушылар бір-біріне қарап отырып, кезекпен жаттығуды қайталайды және кезекпен бір-бірінің дыбысын тыңдайды. (АУ –А)

Сонымен “**Ауа**” сөзі «демін ішіне тарту» және «шығару», яғни «демалу» қимылының дыбысталуы екен. Ауа – өлі табиғаттың бір бөлігі. Біз ауамен тыныс аламыз.

Ауа құрамы

4-ші слайдка қарайық, шардың ішіндегі ауа құрамына назар сала-лық. Боялған бөліктер оның құрамдастарының үлестік мөлшерін көрсетеді. Қандай түстер бар, қайсысы көп, қайсысы аз мөлшерді белгілейді? Сонда ауа құрамындағы негізгі газдар саны қанша болғаны? Қазір «Ауа құрамы» мәтінін оқып, осы газдардың аттары және ерекше қасиеттерімен танысалық (слайд 4)

4. Қорытындылау:

Ауа – негізінен азот, оттегі және көмірқышқыл газдарынан тұратын қоспа. Олардың арасындағы тіршілік үшін аса маңыздысы, жасыл өсімдіктер бөлетін – ОТТЕГІ.

Суретті зерттейік (слайд 5). Тасбақа және жасыл шалғын-ағаштар нені білдіреді? Олар қандай ірі тіршілік дүниелерінің өкілдері? (жануарлар), ағаштар ше? (өсімдіктер)...пікір алысу.

Мұғалім бағыттауы: Сонымен бұл сурет бізге екі газдың (қандай?), екі тіршілік дүниесінің (қандай?) арасындағы үздіксіз газ айналысын түсіндіру міндетін атқарғалы тұр. Енді бағыттаушы көрсеткішпен ауадан (оттегі) бастап, суреттермен жүріп шығалық.

Сұрақ. Бұл айналым нені білдіреді? Суретті оқу-танымдық зерттеуден қандай қорытынды шығарамыз. Ауаның (оттегі мен көмірқышқыл газы) жануарлар мен өсімдіктер тіршілігіндегі рөлі қандай?!


Аралық қорытынды: Жер бетіндегі тіршілік тынысы үшін оттегі аса маңызды, Оны жасыл өсімдіктер жасап шығарады. Оттегімен адамдар және барлық жануарларлар тыныс алып, орнына көмір қышқыл газын шығарады. Көмірқышқыл газын өсімдіктер сіңіріп қайтадан оттегін шығарады. Сөйтіп газдардың осы айналысы Жер бетіндегі тіршілікті қамтамасыз етеді.

Сергіту сәті: «Тыныс алу және мойын еттерін шынықтыру»

БК (бастапқы күй) – оқушылар партада қалай дұрыс отырады? Сол ержеге сай түзеліп, тіке маған қарап отырыңдар.

Жаттығуды орындау: мен 1 дегенде денені қозғамай басты шалт оңға бұра тыныс аламыз, 2, 3, 4 санағанда баяу тыныс шығара бастапқы күйге келеміз. 5 дегенде тыныс ала басты шалт солға бұрып, 6, 7, 8 санағанда баяу тыныс шығара бастапқы күйге келеміз. 9 дегенде тыныс ала басты шалт артқа шалқайтып, 10, 11, 12 санағанда баяу тыныс шығара бастапқы қалыпқа келеміз. Осы жаттығуды 4 рет қайталаймыз

Шағын зерттеу: Оқушылар сыныптағы экран (компьютер), гүлдер және терезе санына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Тапсырма: терезе, терезе алды, гүл жапырақтары, экран беті, шкаф сөрелерінің тазалығын тексеріңіздер. Бұлттардың қозғалысын бақылаңыздар! Терезеден түскен күн сәулесі шоғырын мұқият зерттеңіздер. (3 мин).



Нәтижесін топтың бір мүшесі хабарлайды (шаң-тозаң)

Қорытындылау сұрағы:

1. Бөлмеге шаң-тозаң қайдан келеді?Пікір алмасу(себебін анықтау).

2. Ауа құрамында газдардан басқа тағы не болады?

Бүкіл сынып оқушыларының дауыс беру арқылы жауаптары анықталады (Кім жауапқа қосылады – «Иә +», кім жауапты дұрыс емес деп санайды – «жоқ – »).

Мұғалімнің мәтіні: ТҮЙІН: Ауа құрамында азот, оттегі, көмірқышқыл газ және шаң-тозаң, сонымен қатар су буы мен сіздер 8 сыныпта химия пәнінен танысатын «асыл (инертті) газдар» болады.

Жаңа тақырып бойынша өз бетімен жұмыс (слайд 6). Оқушылар шартты үш топқа («Диірмен», «Ауа шары», «Желкенді кеме») бөлінеді. Тапсырма:оларға өз суреттері бойынша жауап дайындау тапсырылады. Топтар жауаптарын өзара талқылап, капитан сайысына 2 минут беріледі. Капитан есеп береді. Сынып жауаптың дұрыстығына және толықтығына дауыс береді.

Ауаның ластануы(слайд 7). Балалар есте сақтаңыздар- адам сусыз 2-3 күн өмір сүре алады, тамақсыз – одан да көп, ал ауасыз – тек 5-7 минут ғана өмір сүреді. Адамдарға, жануарлар мен өсімдіктерге таза ауа қажет.

8-ші слайд бойынша өз бетімен жұмыс.Түрлі ластаушылардың адамдар мен табиғатқа зиянды әсері қандай?

Ауаны ластанудан қалай қорғаймыз? (слайд 9). Төрт топқа бөлінеді, топ басшысын сайлайды.

I топ –Ауа таза болу үшін, кәсіпорындарда шаң-тозаңды, күйені, улы газдарды ұстайтын қондырғы орнатылады;

II топ – Ағаштар мен бұталарды, гүлдерді көп отырғызу керек. Мұның барлығы – біздің планетаның «өкпесі»;

III топ – Болашақта ауаны ластамайтын жаңа автомобильдер пайда болады.

IV топ – Көп жаяу жүру және велосипедтерді пайдалану керек. Велосипед ауаны ластамайды және қозғалыс адам денсаулығы үшін пайдалы;

Білімді бекіту сұрақтары

1. Адам мен жан-жануарлар ауасыз өмір сүре ала ма?

2. Ауа қандай заттармен және газдармен ластанады?

3. Маңғыстау облысында ауаның ластануы неге байланысты?

4. От жағу кезінде, автомобильдер жетегі жұмыс жасап тұрғанда қандай газдар бөлінеді?

5.Ауа құрамындағы шаң-тозаң, зиянды заттар адамдар мен жануарларға қалай әсер етеді?

6.Ауаны негізгі ластаушыларға нелер жатады?

7. Ауаны қалайша ластанудан сақтауға болады?

5. Үй тапсырмасы және бағалау:

Таза ауа болмаған жағдайда, Жер бетіндегі өмірдің қандай болатындығын үйден бейнелеп келу

№3 ТАҚЫРЫП. СУ

Сабақтың мақсаты: Адам өміріндегі, жануарлар мен өсімдіктер әлеміндегі судың рөлі туралы оқушылардың өз біліміне сүйене отырып, су туралы мағлұматтар беру. Танымдық қызығушылықты дамыту, қиялдау (елестету), ойлау, есте сақтау, сөйлеу мүмкіндігін байыту; білім, білік және дағдыларын (ББД) емес ақыл-ой әрекеті тәсілдерін (АОӘ) қалыптастыру

Құрал-жабдықтар: проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері), слайд (тақырыпқа сай суреттер, кестелер), 2 минуттық құмсағат немесе электрондық таймер.

Сабақтың жүрісі:

1.Ұйымдастыру сәті.

Сәлемдесу, сынып кезекшісінің хабарламасы.

2.Үй тапсырмасын тексеру.

Бүгінгі сабағымызды суретшілеріміздің үй тапсырмасына салған суреттерімен танысудан бастаймыз, суретшілер жұмыстарыңды тапсырыңыздар!

Мұғалім, жұмыстардың бірін таңдап, сканерлеп экраннан сыныпқа көрсетеді немесе ксеро көшірмелерін шығарып әр топқа таратуға кезекшіге береді.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, суретті мұқият зерттеп, тек қана бір не екі сөзден тұратын атау ойлап табыңдар (пікірлесуге, атау тауып, оны қысқаша таныстыруға 1 мин. уақыт беріледі). Осылайша барлық үй жұмыстары сыныппен зерттеледі. (10 мин.)

Қанатты сөзді тыңдап, есте сақтаңыздар – «Таза АУА – денсаулыққа дауа»

Қайталау: «Ауа» тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Ауа таза болу үшін Сіз және Біз не істей аламыз?
2. Табиғаттағы ауа айналысы қалай жүретіндігін еске түсірелік?
3. Ауа тазартатын ең қуатты ауа тазартқыш қалай аталады?

Сергіту сәті:

Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу.

Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.

Тазалықтың досы – СУ дегенің осы

(Оқушылар толқын мен жуынудың қимылдарын жасайды)

3. Жаңа тақырып: Бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы: «СУ» (слайд 1)

Мұғалімнің мәтіні: «Су! Оның дәмі, иісі, түсі де жоқ, оны сипаттай алмайсың, оны ішкенде адам рахаттанады. Ол өмірдің нәрі, тіршіліктің көзі... Ол әлемнің ұлы байлығы...» (слайд 2).

Балалар, сынып журналы тізіміндегі бірінші оқушыдан бастап, барлығың бір не екі сөзбен, суды қайда кездестіргеніңіз туралы айтуыңыз қажет. *Ескерту!* Бұрын айтылған сөзді қайталауға болмайды, егер кімде-кім айтылған сөзді қайталаса бастарыңызды шайқаңыздар. Қателескен оқушы ойыннан шығады. Сондықтан жауаптарды мұқият тыңдаңыздар!

Бірінші оқушы өз жауабын айтады, мұғалім: оны нөмірімен тақтаға жазады. Осылай барлық оқушылар өз пікірлерін білдіреді. (Егер, тақтаға жазу мүмкіндігі болса 4 оқушы қатар жазып, ол жерде сынып оларға сараптама жасайды).

Ал, енді 3-ші слайқа назар аударайық. Суреттерді мұқият қараңыздар.

Тапсырма: өзіңіздің айтқан жауабыңыз қай суретке сәйкес келетінін анықтап, айтыңыздар (Дайын болған оқушы орнынан тұрып айта береді).

Слайдтағы суреттерге қосымша кім тағы қандай сурет қосқысы келеді? (*мұғалім пікірлерді тіркеп отырады*)

Адамның, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі судың рөлі туралы 4-ші слайдтағы материалдарымен танысалық (мәтінді тілек білдірген оқушылар оқиды, қалған оқушылар кітап бойынша, олардың дұрыс оқуы мен айту ырғағын қадағалап отырады)

Мұғалімнің мәтіні: Өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың барлығына су қажет. Сусыз тіршілік болмайды (слайд 5).

Олай болса келесі мәтелді жаттап аламыз: **«Күн, ауаға суды қос – үшеуі бізге адал дос»**

Судың ластануы (слайд 6). Тыңдаңыздар, біздің досымыз СУДЫҢ жағдайына не болмақ: Жер бетінде су көп, бірақ таза су күннен-күнге азайып барады. Суға ластану қаупі төніп тұр.

7 және 8 слайдтағы кестенің жолдарын толтыру.

1. Суды не үшін және қалай пайдаланасың?

2. Пайдаланғаннан кейін су қайда кетеді? (ойланып, жаз).

Сурет пен мәтін бойынша зерттеу (слайд 9). «Суды ең көп ластайтындар кімдер?». (*Оқушылар төрт топқа бөлініп, сурет пен мәтінді өз сөздерімен айтып береді, әр топқа 2 минуттан, 8 – минут*).

Нәтижесінде су ластанғанда не болады? (слайд 10). Оқушылармен ауызша түрде талқылау.

4. Қорытындылау:

Мұғалімнің мәтіні: Суды қорғауымыз қажет! Суымыз таза болса, табиғи ортамыз сұлу, денсаулығымыз сау болады. Біздің елімізде суды қорғауға бағыттылған бірқатар заңдар қабылданды. Олардың орындалуын мемлекеттік органдар мен экологтар қадағалайды (слайд 11).

5. Үй тапсырмасы (слайд 12):

Суды дұрыс пайдаланудың ережелерін оқып, әрбір ережелерге сәйкес ескерту таңбалардың суретін салыңдар. Өздерің ойлап табыңдар.

Ата-аналарыңмен бірлесіп жұмбақ шешу (жұмбақтарды жаттап ал) және сөзжұмбақ шешу (слайд 13).

№4 ТАҚЫРЫП. КҮН ЭНЕРГИЯСЫ

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың алған білімдері және өмірлік тәжірибесін пайдалана отырып, Күннің Жер бетіндегі энергияның негізгі көзі екендігі туралы, оның тірі организмдердің: өсімдіктер, жануарлар және адам тіршілігіндегі маңызы туралы түсінігін қалыптастыру; Энергия айналысы ұғымын түсіндіру және күн энергиясын пайдалану мысалдарын зерттеу, оқушылардың белсенді ізденіс әрекетін ұйымдастыру, тапсырманы бірлесіп орындау дағдыларын жетілдіру.

Құрал-жабдықтар: көрнекі + бейнелі + практикалық + электрондық құралдар: проектор мен экран (интерактивті такта), «табиғат қорғау белгілері» кестесі, үй тапсырмасын тексеру үшін сөзжұмбақ тор кестесі, «Теллурий (Күн-Жер-Ай) моделі» демонстрациялық моделі, оқулық мәтіндерінің карточкалары, смайликтер суреті

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, сынып кезекшісінің хабарламасы.

2. Үй тапсырмасын тексеру

Үйге тапсырма қандай тақырып бойынша беріліп еді? Барлығың да үй тапсырмасын орындадыңдар ма?

Жұмбақтарды кімдер жаттап алды? (слайд 13 тақырып №3). Олай болса, жұмбақтарды мәнерлеп айту шеберліктеріңді тыңдап көрелік. Жұмбақтың жауабын кім біледі? (Шешімін тапқан сөзжұмбақтың төртбұрышпен қоршалған бөлігін толтырады). Сонында сары түспен белгіленген – БҰЛАҚ сөзін оқимыз. Балалар, сөзжұмбақтың әрбір ұяшықтарын толтырып, кілтті сөздерді табайық! (*бұлт, бұршақ, көл, тамшы, толқын – БҰЛАҚ*).

Шағын көрме өткізу. Суретшілер өз жұмыстарымен сынып алдына шығады, оқушылар үй тапсырмасын орындауға бөлінген топтарымен шығып суреттермен танысады, авторларға сұрақтар береді, өзара пікірлеседі. Суретшілер дайындаған белгілерге жазбаша атау беру (талқылауға, жауап беретін көшбасшыны таңдауға 2 минут).

Қысқаша мазмұны: Суды, әсіресе ауыз суды, су пайдаланудың барша ережелерін қатаң орындай отырып, көздің қарашығындай сақтау қажет!!!

3. Жаңа тақырыпты зерделеу (слайд 1-3):

Тақырыппен таныстыру үшін кіріспе сұрақтар:

1. Сіздер, таңертен сағат нешеде оянасындар? Балалар жауаптары...
2. Бүгінгі күннің ауа-райын қалай байқадыңдар, қандай киім таңдадыңдар, неліктен?
3. Өсімдіктер, жануарлар және адам өміріндегі күн сәулесінің рөлі қандай?
4. Қазір қандай жыл маусымы, одан кейін қандай жыл маусымы келеді?
5. Күн мен түннің ұзақтығының өзгерісі, жылылық пен салқындық алмасуының себебі неде?
6. Маусымдық өзгерістер сипаты туралы не айтасыз?
7. Жыл мезгілінің қайсысы саған ұнайды және қандай ерекшелігімен ұнайды?

8. Көктемде және қыста үй қасынан қандай құстарды байқағаныңызды айтып беріңдер?

9. Өсімдіктер үшін күн сәулесінің рөлі неде?

Оқушылады 4 топқа бөлеміз. Әрбір топ 2-ші слайд бойынша мәтінді оқып шығады. Әрбір топтан, мұғалімнің таңдауы бойынша бір өкілдің оқылған мәтін мазмұнын өз сөзімен қайталап, айтып береді.

4-ші слайд бойынша тапсырманы орындау.

Түйін (слайд 5): Адам өмірінде жарық басты рөл атқарады. Аспан ашық күндері адамдардың басым көпшілігінің көңіл-күйі жаңбырлы, бұлтты күнге қарағанда жоғары болады.

Сергіту сәті: «Күн көзі» ойыны (слайд 6).

Маша мен Адиляның диалогын оқыңдар (слайд 7). Сіздер таңертен не тағам жедіңдер, өсімдіктер мен жануарлар энергияны Күннен ала ма?

Мұғалімнің мәтіні: Ішінді сипала, ол жұмсақ. Бұл дегенің сенің теріңнің астында май қабаты орналасқан. Сен аш болған кезде өмір сүруіңе мүмкіндік беретін энергия осы майда жинақталған. Адам тамақсыз белгілі уақытқа дейін өмір сүре алады. Ол өзіне басқа тірі ағзалар секілді энергияны жинақтайды.

Табиғаттың көптеген процестері бәсеңдесе де, жиналған энергия тірі организмдердің өмір сүруінің жалғасуына әсер етеді. Жер бетіне түнде күн энергиясы түспейді. Су аз буланады, ауа салқындайды. Бірақ тірі организмдерде зат алмасу процесі тоқтап қалмайды.

Мұғалімнің мәтіні: тірі ағзалар Күн энергиясының қорын жинайды.

Талқылау: Біз күн энергиясын қалай қолданамыз?

Сурет бойынша өз бетімен жұмыс (слайд 8-9).

Мұғалімнің мәтіні: Ауылда душты қалай жасайды? (үстінде бөшкеге су толтырылған кабина).

Маңғыстау облысында жылына 320 –ға жуық шуақты күндер бар. Сол себепті Маңғыстау облысы мен басқа Қазақстанның облыстарын электр энергиясымен қамтамасыз ететін күн батареясын орнатуға болады (слайд 10).

4. Қорытындылау:

Сұрақтарға жедел жауап беріндер (Сыныппен жедел сұрақ жауап):

1. Күн Жер бетіндегі барлық тірі заттарға не береді? (жарық, жылу)
2. Маусымдық өзгерістерді не анықтайды? (*Күннің жерден қашықтығы өзгеруі*)

3. Өсімдіктер тіршілік үшін қандай рөл атқарады? (*энергияны қорын жинақтайды, оттегін бөледі*)

4. Күн Жерге не береді? (*энергия*)

5. Қанша жыл мезгілі бар? (*4*)

6. Күн энергиясын ғимараттарды жылыту көзі ретінде пайдалануға бола ма? (*иә, күн батареяларымен*)?

7. Автомобиль күн энергиясымен жүре ала ма? (*иә, күн аккумуляторлары арқылы*)

8. Күн энергиясымен суды қыздыруға бола ма? (*иә*)

Ойын «Күннің көзі» (слайд 11).

Сабақты талдау: Күн энергиясы таза, яғни пайдаланған кезде қоршаған ортаны ластайтын қосымша өнімдер (улы газдар, күл, түтін) бөлмейді!

5. Үй тапсырмасы

Әңгіме жазу (слайд 12).

Сурет салу (слайд 13).

№5 ТАҚЫРЫП. ЖЕР ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ

Сабақтың мақсаты: Ең игі құндылық – табиғат пен адамның үйлесімді дамуы екендігін, табиғаттың дүние жаралғаннан бері теңдесі жоқ құнды құбылыс екендігін түсіндіру. Оқушыларда адам мен табиғаттың өзара әсерін бағалау, қоршаған ортаны жеке тұлғаның тұрақты қамқорлық нысанына айналдыру ниетін ояту

Құрал-жабдықтар: вербальдық + көрнекі + практикалық: проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері), слайд (тақырыпқа сай суреттер, кестелер), бейне клиптер, фломастер, түрлі-түсті қарындаштар.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті: Сәлемдесу, оқушыларды сабаққа дайындығын тексеру. Сынып кезекшісіне не басшысына оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеруге тапсырма беру, үйден дайындаған суреттерін жинату

2. Үй тапсырмасын тексеру:

«Менің Күн келбетім» 1-ші тақырыбына салынған үй тапсырмасын талқылау.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, қазір барлығың «Тексеруші мұғалім» рөліне тағайындаласыңдар және көршіңіздің «келбеті (қасиеті)» толтырылған суретін алып, қызыл қарындашпен досыңыздың өзін- өзі бағалауына келіспейтін Күн сәулелеріне «қарғаша – ✓» белгісін қоясыңдар. Тапсырманы аяқтаған бойда маған сурет авторының тегі, аты, ол салған барлық сәулелер саны және сіз келіспеген қасиеттері саны туралы мәліметті хабарлайсыңдар. Содан соң суретті өзіне қайырып, өз суретіңізді алып, тексеру нәтижесімен танысасыз да, өзара пікірлесесіз (келісемін, келіспеймін). Пікірлесуге 3 минут уақыт беріледі.

Мұғалімнің мәтіні: Енді мұқият тыңдаңыздар! Мен сіздердің құрбыларыңыздың жиі қолданатын басты Күн қасиеттерін бір-бірлеп оқимын. Ал, Сіздер олар суреттерінде бар болса, оны сары түспен дөңгелете қоршайсыздар.

Кесте. 6 – «Күн сәулелі қасиеттер»

Байыптылық	Айбындылық	Мейірімділік	Көшбасшылық	Ақылдылық
Сыйластық	Табандылық	Парасаттылық	Шыншылдық	Әділдік
Ақжүректілік	Өзін-өзі ұстай білушілік	Шыдамдылық	Жомарттық	Өзін-өзі дұрыс бағалау

Партадағы көршіңізбен суреттеріңізді алмасып, тағы да тексеру жасап, өз досыңыздың қанша пікірі мұғалім тізбесімен сәйкес келгенін маған хабарлайсыздар!

Мұғалім нағыз «Күн сәулелі қасиетті» оқушылар туралы жариялайды.

Мұғалімнің мәтіні: Естерінде болсын! Күнмен жақсы қарым-қатынастағы адам, күн сәулесі тәрізді шуақты қасиеттерге ие болады!

3.Жаңа тақырыпты зерделеу(слайд 1):

Мұғалімнің мәтіні: Келесі мақалдарды тыңдаңыздар, оларды қалай түсінесіздер(слайд 2):

«Байлықтың атасы – еңбек, анасы – Жер»,

«Жерге еткен жақсылық жерде қалмайды»

Бұл мақалдардағы басты ұғым қандай? (*Жер*)

Тақырыппен таныстыру үшін кіріспе сұрақтар:

1. Жердің беткі құнарлы қабаты не деп аталады? (*топырақ*)

2. Топырақ қанша жылда түзіледі? (*жүздеген мыңдаған жылдарда*)

3. Топырақ қабатының қалыңдығы қандай болады? (*бірнеше сантиметрден бірнеше метрге дейін*)

4. Шөл дала мен Антарктидада топырақ бар ма? (*топырағы жоқ*)

5. Топырақтың ең маңызды басты қасиеті қандай? (*құнарлылық*)

Енді жауаптарымыздың дұрыс-бұрыстығын 3-ші слайд бойынша нақтылалық. Мәтінді кім оқығысы келеді?– Топырақ дегеніміз не?

Қазір суреттерді 4-ші слайдтан мұқият қарап шығындар. Назар аударындар! Әр суреттің жанында үш жауап нұсқасы берілген. Солардың «дұрыс» деп, біреуін ғана таңдау қажет. (Жауап таңдауға – 1 минут беріледі). Кім жауап береді? Жауап беруші, өз таңдауын түсіндіруі қажет.

Осылайша суреттермен де талдау жүргізіледі (*топырақ аз, топырақ қабаты қалың, топырақ жоқ*).

Мұғалімнің мәтіні: Топырақ біздің планетада маңызды рөл атқарады. Ол жансыз табиғаттан жанды табиғатқа алмасу буыны (слайд 5).

Партадағы жұптар бойынша суретпен және 5-ші слайдтағы мәтіндермен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Топырақты неге жануарлар үйі деп атайды?
2. Топырақтың арасынан не көруге болады?
3. Барлық жануарлар топырақта өмір сүре ме?
4. Қандай бунақденелілер топырақта өмір сүреді?

Сергіту сәті(слайд 6).

4. Қорытындылау:

Мұғалімнің мәтіні: Топырақ адам өмірінде үлкен рөл атқарады (слайд 7). Адам өмірінде топырақтың қандай рөл атқаратынын оқы! (яғни, адам өсімдік текті тағам алу үшін топырақты қалай пайдаланады, пайдалы қазбалар топырақтан қалай алынады, жануар текті тағам алу үшін не істеледі) және оны суретті бейне етіп сал, сурет сұлбасын салуға 3 -5 минут уақыт беріледі.

Үздік суреттерді сыныпқа көрсету, оны оқушылардың талдауы (3 мин)

Топырақтың ластануы (слайд 8). Біздің топырақ қатты аурып қалды. Бұның бәріне кінәлі – адам баласы.

Оқушылар парта қатарлары бойынша үш топқа бөлінеді (үш қатарлы партаға). 3 топқа ластану себебі көрсетілген 3 шар беріледі.

Мұғалімнің мәтіні: Сіздер тұратын жерде (үйде, шағын ауданда, ауылда) осы сияқты ластанулар бар ма?

Оқушылар өздері мекендейтін аймақта осы сияқты ластанулардың таралуы туралы пікір алмасып (құрылыс алаңдары, карьерлер мен электр желісі, құбыр жүргізу үшін қазылған орлар, коқысжинағыштар), әркімнің өз үйі маңында топырақтың ластануын болдырмау әрекеті мен шаралары бойынша ұсыныстарын талдауы ұйымдастырылады.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар сіздердің Күн сәулелі бейнелеріңізге Сізді қоршаған ортаның тазалығына қамқорлық жасау қасиеттері қандай әдемілік пен көрік қосар еді, солай ма? Ендеше сол қасиеттерді қалай атар едіңдер: Жеке басы тазалығы (үсті-басын таза ұстау), қамқоршылық, үнемділік балалардың ұсыныстары

5.Үй тапсырмасы (слайд 9):

Егер отбасыңызда саяжай болса, отбасынмен бірге саяжайды (үй маңындағы үлескіні) ластану мен азып кетуден қалай қорғайтындарыңды ата-анаңнан сұрап,өз жолдастарына айт.

№6 ТАҚЫРЫП. ӨСІМДІКТЕР

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың білімдері мен тәжірибесін пайдалана отырып, өсімдіктердің табиғат пен адам өміріндегі рөлі туралы білімдер негізін түсіндіру.

Құрал-жабдықтар: проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері), дербес өзбетімен жұмыс бойынша жауап кестесі нұсқасы, 6 – тақырыпқа жасалған слайд.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, сынып кезекшісінің ақпарламасы, кезекшіге «Менің Күн бейнем», «Бағбан құрал-саймандары» суреттерін жинау туралы тапсырма беру

2. Ұй тапсырмасын тексеру

Мұғалімнің мәтіні: Кімнің отбасында саяжай үлескісі бар, қолдарыңды көтеріңдер! Ал кімдердің отбасында үй іргесіндегі жер телімі бар? (*мұғалім, жауап берген оқушыларды кейін өсімдіктерді зерттеумен айналысатын практикалық жұмыстарды дайындауға тарту, ғылыми жобаларға қатыстыру мүмкіндігін есепке алу үшін – оларды оқушыларды зерттеу тізімінде белгілеп алады*)

Енді маған «Үлескілерді ластану мен азудан қалай қорғау керек» деген мәселе бойынша не түйгендеріңді айтып беріндерші (тілек білдіргендер өз жауаптарын оқып, оның түйінін а, ә, б, в, г, д, е, әріптерімен белгілеп 1-2 сөзбен тақтаға жазады).

3. Жаңа тақырыпты зерделеу(слайд 1):

Төмендегі мақалдар мен тұжырымды қалай түсінесіңдер:

Ағашты кесуге – бір минут, ал өсіруге жыл керек. Ағашты көп кеспе, аз ағашқа тиіспе, ағаш болмаса – отырғыз (слайд 2).

Мұғалімнің мәтіні: Өсімдіктер –тірі табиғаттың бір бөлігі болып табылатын, тірі ағзалар.

«Адам мен жануарлар үшін өсімдіктердің маңызы» мәтіндерін өз беттеріңмен оқып, сұрақтарға жауап беріндер (слайд 3).

1. Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың өмір сүруіне қажетті жағдайларды жасайтын не?

2. Олар дем алуға қажетті қандай затты бөледі?

3. Жануарлар тіршілігі қалайша өсімдіктерге тәуелді болады?

4. Өсімдік тамыры қандай рөл атқарады?

5. Өсімдіктер қалайша топырақты (Жер бетін) қорғайды және сақтайды?

6. Өсімдіктің адам үшін маңызы неде?

7. Адамдар өсімдіктерден не алады?

Мұғалімнің мәтіні: 4-ші слайдта көрсетілген өсімдіктерді мұқият қарап, есте сақта! Олар табиғатта аз қалды?! Маңғыстау облысында

көктем мезгілінің табиғаты ерекше және сан қырлы. Қызғалдақтар мен бйішешектер және т.б.гүлдер гүлдейді.

Таулы Маңғыстаудың далалық аймақтарында долана, каражидек, итмұрын, қожақат, жостер сияқты ерекше өсімдіктер кездеседі. Үстірттің дөңді шатқалдарында тораңғы ағашы өседі.

Маңғыстау облысының төрттен бір бөлігі сор жерлер, ал қалған бөлігінде жусан, жыңғылдар, сораң өседі (слайд 5).

Сұрақтарға жауап беріндер:

1. Көктемде Маңғыстау облысының табиғаты қандай болады?
2. Таулы Маңғыстаудың далалық аймағында өсетін қандай ерекше өсімдіктер бар?
3. Үстірт дөңі шатқалдарында қандай табиғи тоғайлар бар?
4. Маңғыстау облысының төрттен бір бөлігінің топырақ жабыны қандай?

5. Маңғыстау облысының қалған аймақтарында қандай өсімдіктер өседі?

Түйін: Маңғыстау облысының өсімдіктері, оның тұщы сулы өзендері жоқ, айқын құрылықтық және ауа-райы өте құрғақ қоршаған ортасына, яғни шөл аймағы жағдайына толықтай бейімделген.

Сергіту сәті (слайд 6).

«Адамдар өсімдіктерді қалай пайдаланады?» 7-ші слайд бойынша өз бетімен жұмыс.

Мұғалімнің мәтіні: Адамдардың шаруашылық қызметі өсімдіктердің өсуіне әсер етеді. Мысалы, адамдар орман шаруашылығымен айналысудың орнына зауыттар салады немесе орлар қазады. Шалғындардың орнына фермалар құрады. Осылай жабайы түрде өсетін өсімдіктер жойылады. Сол үшін өсімдіктерді қорғауымыз керек (слайд 8).

«Адамдар өсімдіктерге қалай зиян салады?» 8-ші слайдтағы кесте бойынша өз бетімен жұмыс. Адамның өсімдіктерге қалай зиян салатындығы туралы мәтінді оқы, неліктен олай істейтіндігін айт!

«Жылдам жауап» 9-шы слайд бойынша. Сурет-белгілерге нені жасауға болмайтыны туралы қысқа-нұсқа жазу ойлап тап! (*А, Б тапсырманы отырған орындарына қарай екі топқа бөліп беруге, жұмысты аяқтағаннан кейін жауаптарды өзара тексеру, талдау түрінде ұйымдастыруға да болады.*)

4. Қорытындылау:

Сұраққа жауап беріндер

1. Жасыл өсімдіктер Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың өмір сүруіне қажетті қандай жағдай жасайды?
2. Өсімдіктер тамыры қандай қызмет атқарады?
3. Өсімдіктерден адам не алады?
4. Көктемде Маңғыстау облысындағы табиғат қандай болады?
5. Таулы Маңғыстаудың таулы өңірлерінің шөл аймағында өсетін қандай ерекше өсімдіктер болады?
6. Шөл аймағы мен оның өсімдіктерінің қандай ерекшеліктері бар?

7. Маңғыстау облысының төрттен бір бөлігіндегі топырақ жабыны қандай?

5. Үй тапсырмасы:

1. Үйде, егер өсімдіктер болмаса, Жерде, адам өмірі, жануарлар әлемі қалай болатындығы жайында қысқаша әңгіме жаз (слайд 10).

2. Ата-аналарыңмен бірге, адамның өсімдіктермен қарым-қатынасының әрбір Ережесіне белгі ойлап тап (слайд 11).

№7 ТАҚЫРЫП. ЖАНУАРЛАР

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың өз білімдері мен тәжірибесі, олардың күнделікті табиғатты бақылау нәтижесі және ақпараттық арналардан алған деректері негізінде табиғат пен адам тіршілігіндегі жануарлардың маңызы мен рөлі туралы білім негіздерін беру.

Құрал-жабдықтар: проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері), слайд (тақырыпқа сай суреттер, кестелер), сергіту сәті бейнебаяны...

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті:

Сәлемдесу. Оқушылардың үй тапсырмасын орындауын ауызша (*орындадым / орындамадым*) тексеру және «Адамның өсімдіктермен қарым-қатынасы ережелері бойынша белгілер» тақырыбына салған суреттерін және «Егер өсімдіктер болмаса, онда Жер, адамдар, жануарлардың жайы не болар еді» тақырыбына жазған әңгіме мәтіндері жазылған дәптерлерін жинату.

2. Үй тапсырмасын тексеру:

Суреттерді сыныпқа көрсету және талдау: мына суретте қандай ережеге қатысты белгі салынған? (*балалардың жауаптары және автордың қорытындысы – барлық суреттер бойынша жасалады*).

Мұғалімнің мәтіні: Қазір үйден орындалған өздік әңгімелерді тыңдалық. (*Авторлар өз жұмысын оқиды, үй тапсырмасын толық орындамағандар оның мазмұнын өз сөздерімен қайталап айтады*)

3. Жаңа сабақты зерделеу (слайд 1):

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, сіздердің үйлеріңізде, өздерің тұрақты күтім жасайтын қандай үй жануарлары бар? (*оқушылардың жауаптары*). Ал, қандай аңдарды білесіздер? (*жауаптар*). «Жануарлар» деген не, ол ұғымға қандай анықтама берер едіңдер? (*жауаптар*)

Мұғалімнің мәтіні: Жануар – ол азықтану үшін басқа тірі ағзалармен қоректенетін ағзалар. (слайд 2).

3-ші слайд бойынша, кім келесі мәтінді мәнерлеп оқығысы келеді (Егер оқуға талап білдіргендер көп болса, мәтінді оқушыларға алдынала азат жолдар бойынша бөліп беріп – үш оқушыға оқытуға да болады)

Қайталау:

1. Жануарлар – қандай организмдер, олар немен қоректенеді?
2. Маңғыстау түбегінде сүтқоректілердің қанша түрі бар?
3. Оның қаншасы Қызыл кітапқа енгізілген?
4. Маңғыстау облысында киіктер (ақ бөкендер) кездесе ме?
5. Маңғыстау түбегінде қандай кемірушілер кездеседі?
6. Маңғыстау аймағында жылан мен кесірткенің неше түрі кездеседі?
7. Маңғыстау түбегінде құстың қанша түрі кездеседі?
8. Каспий теңізі несімен бай?

Маңғыстау облысында кездесетін жануарлардың атын тауып, жа-
зыңдар(слайд 4).

Мұғалімнің мәтіні: Оқушылар бұл суреттердегі жануарларды өз көздеріңмен көргендерің бар ма? Олардың арасында зиянды немесе қа-
терлілері бар ма, олар несімен қауіпті? *(балалар суреттегі жануарлар-
мен қандай жағдайда кездескенін, олардың қандай қатері бар екендігін
айтып береді).*

4. Қорытындылау:

Табиғат пен адам үшін жануарлардың маңызы туралы (слайд 5)
мәтіндерді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Аралар тозаңды бір өсімдіктен екіншісіне қалай тасымалдайды?
2. Жануарлардың санитарлық маңызы қандай?
3. Көптеген су жануарлары суды қалай тазартады?
4. Жануарлар топырақ түзуге қалай қатысады?
5. Өсімдіктер өміріне қажет су мен ауа тамырға қалай өтеді?

Кестені толтырыңдар(слайд 6) (10мин). Жауаптарды талқылауға – (3
мин).

Сергіту сәті: шөңжіктер (тигрята) (слайд 7).

Мұғалімнің мәтіні: Жануарлар әлемінің маңызы біз үшін өте зор.
Оның етін ерте кезден бастап-ақ тағам ретінде пайдаланылған, өлі жа-
нуарлардың терісінен киім жасау үшін қолданған, сүйегінен – пышақ,
ине, кыргыштар жасаған (слайд 8)

Жануарлардың жойылу себептері туралы оқып, жойылу себеп-
терінің қайсысы адам қолымен жасалғанын қоршап белгілеңдер(с-
лайд 8). Осындай мысалдар сіздің тұрғылықты жеріңізде кездесе
ме?

Аң аулау құралдарының атын жаз (слайд 9).

Мұғалімнің мәтіні: Адамдар ерте кезден-ақ көптеген жануарларды
аулаған. Сондықтан Жер бетінен жойылып немесе олардың сандары ай-
тарлықтай азайып бара жатыр(слайд 10).

Жануарлардың жойылу себептері туралы оқып, жойылу себеп-
терінің қайсысы адам қолымен жасалғанын қоршап белгілеңдер(слайд
10).

Мұғалімнің мәтіні: (слайд 11)

- Адам тіршілікке қажетті жануарларды көп көлемде өлтіре бастады.

- Жануарлардың бір түрін аулай берсе, олар жойылып кетуі мүмкін. Осылайша біз көптеген жануарлардың түрлерін көре алмаймыз, олар жойылып кеткен.

- Адам орманды жерлерді кесіп, жазық далалы жерлерді жыртып және т.б. жаңа жерлерді игеріп, адам аяғы баспаған жерлерді аз қалдыруда. Осының салдарынан жануарлар тұрақты мекен ету ортасымен жеткілікті азықтарын жоғалтып, зардап шегеді.

Жануарларды қорғау туралы ережені оқындар(слайд 12).

Қорытындылау: сұрақтарға жауап беріндер:

1. Жануарлар әлемінің біздер үшін маңызы қандай?

2. Ауланған аңдардың етін қалай пайдаланады?

3. Ауланған аңдардың терісінен не жасайды?

4. Ауланған аңдардың сүйегінен не жасайды?

5. Аңдардың сіңірін неге пайдаланады?

6. Қазіргі кезде көптеген жануарлар Жер бетінен неліктен жойылып немесе олардың саны айтарлықтай неге азайып барады?

5. Үй тапсырмасы және бағалау

1. Келесі сабағымыз қорытынды сабақ.Үйде ата-аналарыңмен бірге осы уақытқа дейін өткен сабақтардың кілтті сөздерін қайталап келіңіздер.

2. Қорытынды сабаққа оқу құрал-жабдықтарыңды алып келуді ұмытпаңыздар: ұшталған қара және түрлі түсті карандаштар, ұштағыш, өшіргіш және қаралама қағаз.

3. Жануарларды қорғау туралы ережені оқып, әрбір ережеге белгі салып келіңіздер (слайд 13):

- a. Шулама, жануарларды қорқытпа

- b. Су қоймасын ластама

- c. Даладағы ағаштарды сындырма, өсімдіктерді жұлма

№8 ТАҚЫРЫП. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

Сабақтың мақсаты: оқулықтың бірінші тақырыптық топтамасы бойынша оқушыларда ОӘА (ой әрекеттері амалдары, яғни ойлауды іске асыру амалдары) және ББД (білім, білік, дағды) қалыптасуын тексеру.

Құрал-жабдықтар: проектор және экран (интерактивті тақта), қорытынды сабақтың электрондық нұсқасы, жұмыс дәптері және жауап парағы, өткен тақырыптардың көрнекіліктері мен кестелері, түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіш, қаралама қағаз.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сынып кезекшісінің ақпаратын тыңдау, қорытынды сабаққа қажет құрал-жабдықтардың толықтығын тексеру.

2. Өткен тақырыпты қайталай(слайд 1).

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, қорытындылау сабағы сіздердің барлық өткен сабақтарда жүргізген ОӘА (ой әрекеттері амалдары, яғни ойлауды іске асыру амалдары) және қалыптасқан ББД (білім, білік, дағды) нәтижелерін ұзақ мерзімді (ұмытпай) есте сақтау қабілеттеріңізді анықтауға бағдарланған.

Қорытынды бақылау жұмысын орындау бойынша НҰСҚАУЛЫҚ: Қолдарыңызға берілген жауап парағымен мұқият танысыңыздар!

Естеріңде болсын! Жауап парағындағы түзетілген жауаптар есепке алынбайды. Сондықтан жауаптарыңызды әуелі қаралама қағазға немесе оқулық ксерокөшірмесіне белгілеп, түзетіп, содан кейін жауап парағына асықпай көшіргеніңіз дұрыс болады.

Қоршаған орта компоненттерін тізіп жаз (слайд 2).

Дұрыс жауабын тап (слайд 3).

Берілген сұрақтарға ойланып, дұрыс жауабын айт (слайд 4).

Дұрыс жауабын таңда: Ауа құрамына қандай зат кіреді?(слайд 5).

Тірі ағзалардың тыныс алуы үшін ауада қандай газ қажет?(слайд 6).

Ауаны ластанудан қалай қорғауға болады? Дұрыс жауабын тауып, өзіңнің жауап парағына көшіріп жаз (слайд 7).

Суды қорғау ережелерін жаз(слайд 8).

Жер бетінде Күннің рөлі қандай екенін жаз(слайд 9).

- Өсімдіктер үшін
- Жануарлар үшін
- Адам баласы үшін

Күн энергиясын қалай пайдалануға болатынын жаз (слайд 10)

Дұрыс жауабын тап. Өзіңнің жауап парағына көшіріп жаз (слайд 11).

12-ші слайдта көрсетілген жануарларды көшіріп жаз. Маңғыстау облысын мекендемейтін қандай аңдарды білесің, оларды тап және астын сыз.

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, жұмыстарыңды аяқтап, соңғы оқушыдан бастап, алдыңғы партада өзіңіздің алдыңызда отырған оқушыға бересіз. Ол өз жұмысын қосып, келесі оқушыға береді.

Бірінші партадағы оқушы жиналған жұмыстарды мұғалімге тапсырады.

Мұғалімнің мәтіні: Өлі өзен әңгімесін оқып,. достарыңмен мәселені талқылап көріңдер (слайд 13).

3.Үй тапсырмасы және бағалау

1. Қорытынды тапсырма бойынша қайталау және кілтті сөздерді қайталау.

2. Қызыл кітапқа енгізілген, өзің не ата-аналарың білетін бір жануар туралы қысқа әңгіме жазыңдар.

№9 ТАҚЫРЫП. ТАБИҒИ ЗОНАЛАР

Сабақтың мақсаты: Ғылыми тұрғыдан «Табиғи зоналар (аймақтар)» ұғымына түсінік беру, сабақта жаңа түсініктер мен ғылыми фактілерді меңгерту арқылы Қазақстанның табиғи зоналары туралы толық мағлұмат беру.

Құрал-жабдықтар: проекциялау аппараттары кешені және оқулық мәтіндері жазылған карточкалар, қорытынды тапсырмалар бойынша өзін – өзі тексеру, саралау және қателерді түзеу матрицасы, глобус және «Табиғи зоналар» тақырыбына слайдтар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру сәті

Оқушыларды қортынды сабақ нәтижелерімен таныстыру. Жауап парағын таратып беру.

2. Үй тапсырмасын тексеру

1. Қорытынды сабақ жауабының матрицасы бойынша өз бетінше жұмыс (10 мин). Парталас оқушылар бірін бірі тексеру мақсатында жауап бетшесін өзара алмастырып алады. Матрицаның сол жақ бағанындағы сұраққа сәйкес келетін жауаптың тұсына белгі қойылады. Орындалған жауап парағы орындаушыға қайтарылады. Партадағы көршімен өзара құптау/ құптамау талданады. Дұрыс жауаптардың нақты саны және нәтижесі мұғалімге хабарланады.

Кесте 10, Өзін-өзі тексеру, талдау және түзету бетшесі

№	Тапсырма сұрақтары	Жауаптар
1	Қоршаған орта (ҚО) компоненттерін тізіп жаз	Табиғи ҚО: ауа, су, топырақ, тау, адам, өсімдік, жануар... Жасанды ҚО: ғимараттар, бұйымдар, автокөліктер...
2	Дұрыс жауабын тап:	Барлық компоненттер бірдей
3	Келесі сұрақтар бойынша ойланып, дұрыс жауаптарды боя	
3.1.	Жансыз (өлі) табиғатқа жатады?	Тұман, ай, мұз
	Жанды (тірі) табиғатқа үш мысал	Жанды: 1.Өсімдіктер . 2. Жануарлар . 3. Адамдар .
3.2.	Жансыз табиғатқа үш мысал	Жансыз: 1. Ауа . 2. Су. 3. Таулар.
3.3.	Суретте қандай бұйым тірі табиғат құрамдасы болған	Зығырдан жасалған сүлгі
4	Ауа құрамына қандай зат кіреді? Дұрыс жауаптың астын сыз	2) Оттегі, көмірқышқыл газ, шаң-тозаң, асыл газдар
5	Тірі ағзалардың тыныс алуы үшін ауадағы қандай газ қажет?	2) Оттегі

6	Ауаны ластанудан қалай қорғауға болады?	Фабрикалар мен зауыттарда зиянды заттарды және шаңды тұтқыш қондырғылар болуы керек керек. Транспортты экологиялық қауіпсіз етіп жасау керек. Қала мен оның айналасына бақтар, саябақтар, орман белдеулерін жасау қажет.
7	Суды қорғау ережелерін жаз.	*Шыны, шөлмек, басқа да қалдықтарды тастама *“Су ысырап болмас үшін, су құбырының шүмегін қатты бұра” *“Суды үнемдеп құй, суды ақылмен жұмса” *Өзің ойлан – Суды ластама
8	Жер бетінде Күннің рөлі қандай екенін жаз:	
	Өсімдіктер үшін	Энергия көзі, жарық, жылу
	Жануарлар үшін	Өсімдік, жарық, жылу
	Адам баласы үшін	Тағам, жарық, жылу
9	Күн энергиясын қалай пайдалануға болады	Күн батареялары, күн жылуымен ысытылатын ыдыстар
10	Дұрыс жауабын тауып астын сыз	*Өсімдіктер топырақтан су мен минералдық тұздарды алады *Топырақта топырақтың құнарлылығына көмектесетін көптеген жануарлар мекендейді *Адам топырақты егін өсіру үшін пайдаланады *Адам топырақты көптеген салаларға пайдаланады
11	Маңғыстау облысын мекендемейтін қандай аңдарды білесің	Піл, жираф, акула, горилла, мамонттар

Бағалау өлшемдері : отыз бестен жоғары дұрыс жауап – 5(өте жақсы), 28 – 35 – 4(жақсы), 20 – 27 – 3(қанағаттанарлық), жиырмадан кем – 2 (қанағаттанғысыз).

Өте жақсы және қанағаттанғысыз баға алғандарды мұғалім хабарлайды. Оқушылар орындауда ерекше қиналып, көпшілігі қателескен тапсырмалар бойынша қателерге талдау жасайды.

2. Қызыл кітапқа енген жануарлар туралы орындалған үй тапсырмасын тексеру үшін оқушылардың дәптерлері жиналады.

3. Жаңа тақырыпты зерделеу (слайд 1).

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, Бұл Жердің **глобусы** – жер шарының моделі. Мынау біздің отанымыз Қазақстан! Мынау шығыс, күн сайын сол жақтан Күн шығады, оған қарама-қарсы бағыт – батыс. Мынау оңтүстік, қарама қарсы солтүстік. Солтүстік және оңтүстік полюс арасында экватор орналасқан.

Келесі тақырыпты оқып бастау үшін мына сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Бізден қандай бағытта шығыс бар, ал батыс ше?

2. Біздің қай жағымызда оңтүстік, ал солтүстік ше?
3. Жыл құстары туралы не білесіңдер?
4. Күзде олар қайда кетеді және қашан қайтады?
5. Солтүстік пен оңтүстіктің бір- бірінен қандай айырмашылығы бар? (қай жақ ыссы, қай жақ салқын?).
6. «Климат» сөзі нені білдіреді?
7. Глобустан оңтүстік, экватор, солтүстікті көрсетіңдер. Осындай қысқа әңгімелесуден кейін...

Мұғалімнің мәтіні: Енді 2-ші слайдты қарайық, табиғи зоналардың анықтамасын оқып, естеріңе сақтаңдар.

Жер бетіндегі табиғи зоналардың саны -10, олардың санымен және аталуымен танысыңдар(слайд 3).

ТҮЙІНДЕМЕ: Есте сақтаңдар! Табиғи зоналар экватордан полюстерге қарай өзгереді!!!

Қазақстанда аталған он табиғи зоналардың оңтүстіктен солтүстікке қарай алмасып отыратын төртеуі кездеседі. Олар: шөл, шөлейт, дала, орманды дала (слайд 4).

Қазақстандағы табиғи зоналардың сипаттамасын оқып шығыңдар:

- Орманды дала – слайд 5
- Дала – слайд 6
- Шөлейт – слайд 7
- Шөл – слайд 8.

Өз бетімен жұмыс(слайд9): Енді жұмыс дептердегі кестені толтырыңдар(10 мин.). Ескерту:өсімдіктер мен жануарлар бағанында сол аймаққа ғана тән бір түр көрсетіледі.

Кесте . Қазақстан табиғи зоналарының ерекшеліктері

Табиғи зоналар	Климат	Жауын-шашын	Температура		Өсімдіктер	Жануарлар әлемі	Топырақ
			Жазғы	Қысқы			
Орманды дала							
Дала							
Шөлейт							
Шөл							

Сипаттаманы оқып, жануарлар мен өсімдіктердің атауларын теріп жаз (слайд 10).

Мұғалімнің мәтіні: Маңғыстау облысы шөлді табиғи аймақта орналасқан. Негізгі өсімдіктер – жусан және дәнді дақылдар. Бұл мал шаруашылығынның –қой, жылқы және түйе өсіруге мүмкіндік береді (слайд 11).

Жазбаша жұмыс (слайд 12): Маңғыстау облысының климаты туралы мақаланы оқып, тастап кеткен сөздерді тиісті орынына қойып, жұмыс дәптеріне көшіріп жаз.

4. Қорытындылау:

1. Маңғыстау облысы қандай табиғи аймақта орналасқан?
2. Облыстың негізгі өсімдіктері қандай?
3. Маңғыстау облысында ауыл шаруашылығының қандай саласы кең дамыған?

4. Ертеңге ауа райының болжамы қандай екенін білесіңдер ме?

5. Үй тапсырмасы:

- Ата-аналарыңмен бірлесе отырып келесі аптаның ауа-райы болжамын қараңдар және үнемі күтілетін ауа райына сәйкес киініңдер.
- Жұмысты рәсімдеу ережесін есте сақтай отырып, туған өлке табиғатының суретін салыңдар. Ең таңдаулы жұмыстар «Жас эколог» бұрышына қойылады.

№10 ТАҚЫРЫП. ЭКОЖҮЙЕЛЕР

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың күнделікті табиғатты бақылауы және оқу мен ақпараттық-коммуникациялық желі арқылы алған өз білімдері мен тәжірибесіне сүйене отырып, экологиялық жүйелер (бұдан әрі экожүйе) және олардың табиғаттағы, адам өміріндегі маңызы туралы білім негіздерін беру.

Құрал-жабдықтар: интерактивті кешен, оқулық (жұмыс дәптері), тақырыптық слайдтар, балықтарымен аквариум

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, оқушыларды журнал бойынша түгендеу, сынып кезекшісіне олардың сабаққа дайындығын, құрал – жабдықтарын тексеруді тапсыру.

2. Үй тапсырмасын тексеру

«Туған өлкемнің табиғаты» тақырыбына оқушылардың салған суреттері бойынша әңгімелесу (*Суреттер сканерленіп, бір-бірлеп көрсетіледі де, осы көрініске қандай атау берер едіңіздер, еңбекте не бейнеленген, суретші көрерменге қандай ойды жеткізуді мақсат еткен деген сұрақтар қойылып, балалардың жауаптары тыңдалады.*)

3. Жаңа сабақты түсіндіру (слайд 1).

Кіріспе сұрақтар:

1. Тірі ағзалардың бірлесіп мекен етуі және өз үйі секілді сезінетін жер бөлігі не деп аталады?
2. Экожүйеде мекен етушілердің өміріне қажетті не бар?
3. Экожүйеде артық, қажет емес нәрсе бар ма?
4. Экожүйеге не жатады?

Мұғалімнің мәтіні: Экологиялық жүйе бұл – жер бетіндегі жануарлар және өсімдіктер, су, ауа сонымен қоса күн энергиясы (слайд 2).

- Экожүйеде тұрғындардың өмірі үшін бәрі бар
- Экожүйеде артық, қажетсіз ештеңе жоқ, оны тұрғындар пайдаланып толығымен жүзеге асырады

Мұғалім келесі тапсырманың мысалы ретінде 3-ші слайдта көрсетілген суретті оқушылардың назарына ұсынады.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Суретте қандай табиғи зона салынаған?
2. Суреттегі экожүйенің құрамдастарын атандар?
3. Олардың өзара байланысы туралы айтып беріңдер?
4. Суреттегі өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарын не шірітіп, ыдыратады?

Әрбір оқушы жұмыс дәптеріңе кез келген экожүйелердің: дала, шөл, орманның бірін тандап, суретін салыңдар (слайд 4).

Өз бетімен кесте бойынша жұмыс (слайд 5): Экожүйе неден тұрады?

Мұғалімнің мәтіні: Экожүйенің барлық бөлігі өзара тығыз байланысты!

Дайындық сұрақтары:

1. Күннен, топырақ, ауа, судағы заттармен нелер қоректенеді?
2. Өсімдіктермен кімдер қоректенеді?
3. Шөпқоректі жануарлармен, жырқыш аңдармен нелер қоректенеді?
4. Құраған өсімдіктермен, өлген жануарлардың қалдықтарымен қоректенетіндер?
5. Құраған өсімдіктермен, өлген жануарлардың қалдықтарымен қоректеніп, оларды ыдырататындар?

Олар қалай байланысты, 6-шы слайдтан оқымыз.

Серкіту сәті (слайд 7).

Мұғалімнің мәтіні: Экосистеманың бұзылуы (слайд 8).

- Экожүйе құрылымының адам қолымен бұзылуы оның өлуіне алып келуі мүмкін. Егер мекен ету ортасы қатты бұзылса экожүйе өліп қалады.
- Егер табиғи өсімдіктер әлемін жоятын болсақ, онда шөп қоректі жануарлар жойылады онымен бірге жыртқыштар да.

• Егер улы химикаттар мен қалдықтарды жоятындарды жойып жіберсек – топырақ құнарлығы жойылады, жер бетін шірімеген қалдықтар басып кетеді де, экожүйенің өлуіне алып келеді.

Өз бетімен 9-шы слайдты оқыңдар. Осы слайдта не жазылғанын өз сөздеріңмен айтыңдар.

4. Қорытындылау:

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Экожүйе құрылымының адам қолымен бұзылуы неге соқтыруы мүмкін?
2. Егер мекен ету ортасы қатты бұзылса не болар еді?
3. Егер табиғи өсімдіктер әлемін жоятын болсақ не болады?
4. Улы химикаттар мен қалдықтарды жоятындарды жойып жіберсек не болар еді?

5. Егер жер бетін шірімеген қалдықтар басып кетсе не болады?

Сабақты қорытындылау:

1. Арал теңізінің тартылуы сол аймақтың экологиясына қалай әсер етті?

2. Арал маңында жазғы және қысқы ауа-райы қалай өзгерді?

3. Егістіктен көтерілген, құрамында улы заттар мен тыңайтқыштар бар, шаң-тозаңдар неге әкеліп соқтырды?

4. Бұл шаң-тозаң тұрғындарға қалай әсер етті?

5. Көптеген адамдар өз балаларын қорғау үшін не істеді?.

5. Үй тапсырмасы (слайд 10):

Сен салған экожүйе, онда қандайда бір өзгеріс орын алған жағдайда, қандай күйге ұшырайды, мысалы: ыстық немесе суық түссе, су қоймалары жойылса, қандайда бір жануарлар немесе өсімдіктер жойылса не болатыны туралы әңгіме жаз.

№11 ТАҚЫРЫП. ҚОРЕКТІК ТІЗБЕК

Сабақтың мақсаты: Табиғаттағы қоректік тізбек пен оның маңызы туралы білім негіздерін беру, өсімдіктер, жануарлар және адам баласы арасындағы тығыз өзара байланысқа назар аудару.

Құрал-жабдықтар: проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері), тақырыптық слайд.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті:

Сәлемдесу, сынып кезекшісінің есебі. Үй тапсырмасы бойынша салынған суреттерді жинау.

2. Үй тапсырмасын тексеру:

Қанеки балалар, біздің суретшілеріміздің үй тапсырмасы суреттерімен танысып, оны оқып көрелік! (таңдап алынған үш сурет сыныпқа көрсетіледі, олар бойынша бірнеше оқушның пікірлері тыңдалған соң сурет салған оқушылар өз мәтіндерін мәнерлеп оқып береді).

Мұғалімнің мәтіні: Кімнің қандай сұрағы бар? Сұрақтарға жауап тыңдалады.

Бүгінгі өз шығармаларымен таныстырған оқушыларға құрмет көрсетейік, балалар! Ендеше ең жақсы сурет қайсысы деп санайсындар? Ұсыныстар тыңдалады, бірнеше ұсыныс болса жеңімпаз дауысқа салу арқылы анықталады (I, II, III орындар анықталады).

Мұғалімнің мәтіні: Бұл суреттерді «Жас эколог» қабырғалық көрмесіне орналастырамыз, келесі сабаққа тағы да суреттерің бар болса алып келіңдер.

Сонымен тыңдаған жұмыстарың бойынша экожүйе туралы қандай қорытынды жасаймыз? ...Экожүйе анықтамасы, оның бұзылу мысалда-

ры, оларға біздің қарым-қатынасымыз бен қамқорлығымыз қандай болуы керек! (оқушылардың жауабын тыңдаймыз).

3. Жаңа тақырыпты түсіндіру(слайд 1):

Тақырыпқа кіріспе ретінде суреттермен танысып, талқылау(слайд 2):

Мұғалімнің мәтіні: Бұл жеке буындардан тұратын қағаз тізбегі. Табиғатта барлық тірі ағзалар қоректену немесе азық-түлік тізбегінде бір бірімен байланысты. Азық-түлік тізбегіне өсімдіктер, жануарлар және микробтар (бактериялар) жатады. Организмдер қоректену тізбегіндегі рөлі әртүрлі: мысалы, өсімдіктер, шөп қоректілер, талғаусыз қоректілер, жыртқыштар.

Тірі ағзалардан тұратын тізбекті қарастырып, өз қорытындыларың туралы хабарлаңдар (слайд 3).

Партадағы жұптар бойынша өз бетімен зерттеу және талдау жасап, үш түрлі тізбек жинаңдар (слайд 4).

Сурет бойынша қорытындылау. Қоректік тізбектердің бір бірімен байланысын табыңдар (слайд 5).

Мұғалімнің мәтіні: Жан-жануарлар өлген кезде жауын құрттар, саңырауқұлақтар және бактериялар ыдыратады. Ал қалған қалдықтары топырақта минералды тұздар түзеді. Осылайша, қоректік тізбек тұйықталады(слайд 6).

Экожүйеде зат айналымы қалай жүреді?(слайд 7). Слайдтағы мәтінді оқып, қайсысы өндеуші, қайсысы – тұтынушы және қайсысы – бұзушы екенін айтыңдар.

Экологиялық түйінді тапсырма: егер табиғатта қоректік тізбектегі қандай да бір буын жойылса не болар еді? Қорытынды түйінді дәптерге жазыңдар! (слайд 8).

Экожүйенің бұзылуы – егер қағаз шеңбердің біреуін алып тастасак байланыс үзіледі (слайд 9). Мысалды қарастырайық – қасқырдың жоғалуы – ормандар мен далалы аймақтан. Нәтижесі, қояндар мен қарақұйрықтар көбейіп барлық шөптер жойылады, шөп қоректілер арасында аштық басталады.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Жан-жануарлар өлген кезде не болады?
2. Минералды тұздар қалай түзіледі?
3. Қоректік тізбектің шеткі буындарын өзара жалғаса не болады?
4. Қоректік тізбек тұйықталуы деген не?
5. Қоректік тізбектің бұзылуы дегеніміз не және ол тіршілікке қалай әсер етеді?

4. Қорытындылау:

1. Қалай ойлайсың, табиғатта барлық тірі организмдер арасында өзара байланыс бар ма?

2. Қоректік тізбек буындары дегеніміз не?
3. Қоректік тізбектегі өсімдіктердің маңызы қандай?
4. Қоректік тізбектегі жануарлардың маңызы қандай?

5. Қоректік тізбектегі өсімдік қоректілердің маңызы қандай? Сабақты қорытындылау:
1. Өсімдіктер барша тіршілік үшін қажетті не өндіреді?
2. Өсімдіктерді басқаша қалай атауға болады?
3. Өсімдіктер мен жануарларды не жейді?
4. Дайын қоректік заттарды тұтынушыларға нелер жатады?
5. Қандай организмдерді ыдыратушылар деп атайды?
6. Қандай үзіліссіз ұласып қайталанатын өзгерістерді табиғаттағы заттардың айналымына жатқызуға болады?

5.Үй тапсырмасы (слайд 10).

Табиғатты өз бақылауларың негізінде өздерің көріп жүрген нақты бір қоректік тізбекті таңдап, оның суретін сал.

№ 12 ТАҚЫРЫП. ТАБИҒАТТАҒЫ ЗАТТАР (ЭНЕРГИЯ) АЙНАЛЫМЫ

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға табиғаттағы үздіксіз қайталанатын үдерістердегі заттар (энергия) айналымы және олардың маңызы туралы білім негіздерін беру, өсімдіктер, жануарлар және адам баласы өміріндегі заттар (энергия) айналымының маңызына оқушылардың назарын аудару.

Құрал-жабдықтар: интерактивті кешен, оқулық (жұмыс дәптері), тақырыпқа сай слайд.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа қатысын, олардың сабаққа дайындығын, оқу құрал-жабдықтарының толықтығын сынып кезекшісі ақпарламасы арқылы алып, көзбен түгендеу.

2. Үй тапсырмасын тексеру

Мұғалімнің мәтіні: Сіздің таңдаған қоректік тізбегіңіз бен оның суретінің қандай ерекше қасиеттері бар? Салған суреттеріңізді көрсетіп айтып беріңіздер (оқушылар суреттерін көрсетіп, таңдаған қоректік тізбегінің ерекшеліктерін айтады).

Түйін: Табиғатта барлық жанды тіршілік иелері қоректік тізбек немесе тағамдық тізбек бойынша бір-бірімен тығыз байланысты болады.

3. Жаңа тақырыпты зерделеу (слайд 1).

Өткен тақырыптарды қайталау сұрақтары:

Мұғалімнің мәтіні: Балалар, бұған дейін өткен «Күн энергиясы», «Өсімдік», «Жануарлар» тақырыптары естеріңізде бар ма? Қане еске түсіріп көрелік:

1. Күн сәулесі өсімдіктер тіршілігінде қандай рөл атқарады?

2. «Әрине. Жер бетіндегі барлық тірі ағзалар Күннен энергия алады. Сонымен қатар, өз денесінде жинақтайды. Мұндай жағдай күн шықпаған кезде өмір сүруіне мүмкіндік береді», деп кім айтып еді.

3. Ал, оған қойылған сұрақ түрі қандай еді? «Мен картоп жеп, тамақтан энергия аламын. Ал, картоп Күннен энергия алады. Олай болса: мен де күн энергиясы есебінен өмір сүремін бе?»

4. Барлық тіршілік иелері өзара қалай байланысады?

5. Өсімдіктер қоректік тізбек арқылы жануарларға не береді?

6. Ыдыратушылар деп нелерді атайды?

7. Өлген өсімдіктер мен жануарлар бактериялар көмегімен неге айналады?

8. Өсімдіктер топырақ пен Күннен не алады?

9. Қоректік тізбек қашан тұйықталып шеңберге айналады?

(балардың жауабы, оқушылардың ескертулері)

Түйін: Заттардың (энергияның) айналым бойынша қозғалысы заттар айналымы деп аталады (слайд 2).

Суреттер бойынша өз бетімен жұмыс (слайд 3). Суреттерге қараңдар, осы үш суретке ортақ қандай ерекшелік бар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттегі сарқырама неден пайда болған?

2. Сарқырамадағы су қандай күйде?

3. Тұмандағы су сұйық па, қатты ма?

4. Суретте қыс бейнеленген, қар – судың қандай күйі?

(Табиғаттағы заттар айналымының бір мысалы – су айналымы)

Өз бетімен жұмыс: Тамшыгүлдің «Судың саяхаты» атты ертегісін оқыңдар(слайд 4-6). Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Тамшылар қыста неге айналады?

2. Тамшылар жерге қандай түрлерде қайтып оралады?

Суреттерді зерттей қарап, Тамшыгүлдің ертегісін өз сөздеріңмен айтып беріңдер (слайд 7).

4. Қорытындылау:

• Егер Тамшыгүл тамшы болса, су неден тұрады екен?

• Бұлт қалай пайда болады?

• Жерге су тамшылары қандай күйде келіп түседі?

Сабақты қорытындылау:

1. Заттар(энергия) айналымы дегеніміз не?

2. Айналым қай жерде өтеді?

3. Жерге су тамшылары жазда қандай түрде түседі?

4. Қыста су тамшылары жерге не болып түседі?

5. Үй тапсырмасы (слайд 8):

Ата-аналарыңмен бірге «Табиғаттағы заттар (энергия) айналымы» тақырыбын талдап, естіген жаңалық деректі дәптерге жазыңдар.

Практикалық жұмыс: «Жігіт кездесетін су шығынын экологиялық-экономикалық зерттеу». Ата-аналарыңмен бірге, қраннан суды

баяу тамшылатып, бір минутта қанша тамшы таматындығын есептеңдер (есептеу үш рет жасалып, орташа саны шығарылады). Егер, бір тамшы судың орташа салмағы – 0,08 гр. болса, суды нашар ұстайтын краннан минутына (сағатына, тәулік бойы) қанша су далаға кететіндігін есептеп шығарыңдар және оның бағасын анықтаңдар.

№ 13 ТАҚЫРЫП. ТАБИҒАТТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға табиғат өзгерістері мен олардың маңызы туралы білім негіздерін беру, балалардың табиғат пен ауа-райының күрт өзгерістері туралы болжамдарды тұрақты ескеруіне және әрқашан табиғатпен үндес әрекет ету қажеттігіне назарын аудару.

Құрал-жабдықтар: интерактивті кешен, оқулық (жұмыс дәптері), тақырыпқа сай слайд, «Тұрмыста жиі кездесетін су шығынын экологиялық-экономикалық зерттеу» ПЖ қорытындылау бетшесі, Жер эволюциясы бойынша бейне материал, жарты шарлар картасы немесе глобус.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сыныптың сабаққа дайындығын тексеру.

2. Үй тапсырмасын тексеру

Балалар, заттар мен энергияның айналымы туралы ата-аналарыңыз қандай қосымша жаңа мәліметтер берді? (балалардың жауаптары мен оларды бағалау).

Мұғалімнің мәтіні: Қазір үйге тапсырылған практикалық жұмыстың орындалысын талқылаймыз, ол үшін өз жұмыстарыңның нәтижесін айтуға дайындалыңдар, журналдағы тізім бойынша ақпарат бересіңдер. (Мұғалім айтылған сандық мәліметтерді бірден excel форматына салады және автоматты есептейді).

Кесте. «Тұрмыста жиі кездесетін су шығындарын экологиялық-экономикалық зерттеу» практикалық жұмысының қорытындылары

№	Оқушы Тегі, аты- жөні	Орындау- ақыты (күн, ай, жыл)	Ми- ну-тына тамшы саны	Саға-ты- на тамшы саны	Сағатына ысы- рап болған су массасы (0,08 * бір сағат- тағы тамшы саны гр.	Бір сағат ішіндегі суға төлем (тенге)
1	2	3	4	5	6	7
1					
....					

Қазір су шығынына сай төлем ақы мөлшерін (теңге) анықтаймыз. (оқушылар шыққан көрсеткіштерді дәптерге жазып алады).

Экология тақырыбына әңгімені жалғастыру: Балалар, тағы осындай ысырап болып жатқан шығындар бар ма: үйде, тұрмыста, мектепте, көшеде..., ойланып қаралықшы..., бұл артық шығандардың алдын алу үшін не істеуге болады (оқушылардың жауаптары, ойлары, ұсыныстары оларды тақырыптық оқу-танымдық ізденіске тартуға мүмкіндік беретін бастама бола алады).

Түйін: Су бергеннің сауабы бар, Су төккеннің жауабы бар. Су ырыстың көзі, Есеп кірістің көзі. Сусыз өмір жоқ, Отсыз темір жоқ.

3. Жаңа тақырыпты зерделеу (слайд 1).

Жаңа тақырыпқа кіріспе сұрақтар:

1. Қазір жыл мезгілінің қандай маусымы?
2. Келесі апта мен айдың ауа-райы болжамы туралы не білесіз?
3. Неге және ненің әсерінен бізді қоршап тұрған әлем тұрақты өзгереді?
4. Табиғаттағы табиғи жолмен болатын өте баяу өзгерістер не деп аталады?

Мұғалімнің мәтіні: Біздің айналамыздағы әлем үнемі өзгеруде. Табиғат адам әрекетінен және өздігінен өзгереді (слайд 2).

Табиғаттағы өзгерістер өте баяу жүреді, сол себепті біз оны байқамаймыз. Бұл өзгеріс эволюция (даму) деп аталады (слайд 3). Алғашында біздің Жеріміздің бетін толығымен су алып жатқан. Кейіннен жанартаулардың атқылауының әсерінен материктер мен құрылықтар түзілді. Шамамен 200 миллион жыл бұрын «Пангея» континенті екі континентке ажырады. Ал енді континенттердің қалай пайда болғанын келесі бейнебаяннан көрейік(слайд 4).

Өзіңіз білетін материктерді санап беріңіздер(слайд 5). (дұрыс жауап бергендер мен картадан дұрыс көрсеткендер марапатталады).

Мындаған жылдар бұрын Жер бетін мекендеген ежелгі жануарлардың атауын жазыңыздар (слайд 6).

Мұғалімнің мәтіні: Табиғатта – маусымдық, тәуліктік өзгерістерді біз байқай аламыз. Маусымдық және тәуліктік өзгерістерді айтыңыздар. 7-ші слайдта нұсқау көрсетілген.

Адамның табиғатқа әсерін зерттеу (слайд 8).

Мұғалімнің мәтіні: Адамның іс-әрекеті табиғи ортаның барлық компоненттеріне: топыраққа, суға, ауаға, жануарлар мен өсімдіктерге әсер етеді. Тіпті жер шарының шалғай аудандарына – Арктика, Антарктида, биік таулар, терең мұхиттарға адамның іс әрекеттері әсер етуде.

Оқушылар төрт топқа бөлінеді. Тапсырманың мәтінін 9-шы слайдтан оқыңыздар. Топтар бойынша белгілердің эскизін сызыңыз, немесе осы әрекеті қалай орындауға болатыны туралы жазып беріңіз. (*Топ көшбасшылары топтың шешімімен таныстырады, қалғандары оған өз пікірлерін білдіреді*).

Өз бетімен жұмыс (слайд 10). Адамның климаттың өзгеруіне әсерін осы суреттен қарап шығыңыздар.

Оқушылар өзара келісіп жеті топ құрады, топ жетекшісін сайлайды, жетекші жеребе тартып (қалтадан нөмірленген асықтарды алу арқылы) сәйкес тапсырманы алады. *(Топ құрамындағылар 5 минут адамдардың табиғатқа әсер етуі және оның зардаптары мен осы күрделі жағдайдан шығу жолдары туралы келіседі. Жауапты айту және қорғау үшін әр топқа бір минуттан уақыт беріледі).*

Тапсырманың қорытындысын шығарып, өз таңдауы бойынша бір топты тапсырманы орындаушылардың «Экологиялық сарапшылары» етіп тағайындайды. Алты сұрақ 11-ші слайд бойынша: топтар адамдар әрекетінің салдарлары бойынша пікірлесіп, жауап дайындайды, топ жетекшісі оны сарапшылар алдында қорғайды. Сарапшылар ұпайы белгіленген сараптау қорытындысын мұғалімге береді *(төмендегі кестеде бағалау өлшемдері көрсетілген).*

Кесте. Адамның іс-әрекет түріне қарай әсер ету салдарын бағалау өлшемдері

Адамның әсер ету түрі	Әсер ету салдары (зиянды – , пайдалы +)						
	Жерге	Суға	Ауаға	Өсімдіктерге	Жануарларға	Адамға	Ауа-райына
Жылыту пештерін жағу							
Фабрика, зауыттардың жұмыс істеуі							
Көліктердің жұмыс істеуі							
Автокөліктерді жуу							
Тұрғын үй, зауыт-фабрикалардың құрылыс жұмыстары							
Өзен, су қоймалары, теңіз жағалауында адамдардың демалуы							
Барлық ұпай							

4. Қорытындылау:

- Адамның іс – әрекеті неге ықпал етеді?
- Адамның іс – әрекеті қандай компоненттерге ықпал етеді?
- Табиғаты баруға қиын қандай жерлерді білесіңдер?
- Адам баласының баруға қиын жерлерге әсері болды ма?

5. Үй тапсырмасы (слайд 12).

Екі сурет салындар. Бірі – жабайы табиғаттың көрінісі, екіншісі – адам әсерінен өзгерген табиғат болсын.

Келесі сабаққа толық түстері бар түрлі-түсті қарындаш, өшіргіш, сурет салу альбомын ала келіндер.

№ 14 ТАҚЫРЫП. ТАБИҒАТТАҒЫ МАУСЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Сабақтың мақсаты: оқушылардың алған білімдерін табиғаттағы маусымдық өзгерістердің себебі – Жердің өз осінен және күнді айнала қозғалуына байланысты екендігі туралы деректермен толықтыру.

Құрал-жабдықтар: интерактивті комплекс, оқулық (жұмыс дәптері), тақырыпқа сай слайдтар және «Жыл мезгілі суретшілер көзімен» слайды, Теллурий.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, оқушыларды сынып кезекшісі арқылы түгендеу, олардың сабаққа дайындығын, құрал – жабдықтарын тексеру.

2. Үй тапсырмасын тексеру

«Жабайы табиғат көрінісі» және «Адамның әсерінен табиғат қалай өзгерген» тақырыбына салған суреттерінде нені көрсетпек болғаныңды айтып бер (оқушылар өздерінің суреттерін ауызша айтып береді).

3. Жаңа тақырыпты зерделеу (слайд 1)

Тақырыппен таныстыру үшін кіріспе сұрақтар:

1. Балалар, қазір қандай жыл мезгілі немесе маусымы?
2. Жылда қанша маусым бар?
3. Оларды қалай атайды?
4. Олардың айырмашылығы неде?
5. Бір-біріне ұқсас жыл мезгілдері немесе маусымдар бар ма?
6. Сипаты бойынша бір-біріне қарама қарсы жыл мезгілдері бар ма?
7. «Наурыз» ол қандай мейрам?
8. 22 наурызда күн мен түннің ұзақтығы қандай болады?
9. 2-ші слайдтағы суретте бейнеленген жыл мезгілдерін жаз (5 минут). *(Тапсырманы орындағандар бірден мұғалімге келеді).*

«Лабиринт» ойыны (слайд 3): лабиринттің жолдарымен жүріп, сіз аюдың қай жыл мезгілінде ұйқыға кететінін және торғайлардың қашан ұшып келетінін, орманда құлпынайдың қашан пісетінін, құстардың қашан жылы жаққа ұшатынын білесің.

Мұғалімнің мәтіні: балалар, мына сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Неліктен жыл мезгілдері ауысып отыратынын білесің бе?
2. Неліктен қыста салқын, ал жазда ыссы? *(балалар жауабы, сынып болып жауапты талқылау).*

Балалардың күн жүйесімен танысуы (слайд 4). Тақырыпқа кіріспе сұрақтар мен бекіту:

1. Күн жүйесінде неше планета бар? *(тоғыз планета)*
2. Оларды атаңыз (4-ші слайдтағы 1-ші сурет бойынша)
3. Күнге ең жақын және Күннен ең алыс орналасқан планеталар қалай аталады? *(Меркурий, Плутон).*

4. Біздің планетамыз (бізбен қоса) Күннен санағанда қай орында орналасқан? (*үшінші орында*).

Мұғалімнің мәтіні: Балалар сендерге жыл мезгілдерінің қалай өзгеретінін айтып берейін (слайд 5). Жер кіндігінің қозғалу жазықтығына бұрыш жасай орналасуына байланысты, жыл ішінде Жер жартышарлары Күнге өзара алмасып бұрылатындықтан олардағы жыл мезгілдері де қарама-қарсы болады. Сондықтан оңтүстік және солтүстік жартышарлардағы ауа райы және өсімдіктер мен жануарлардың, адамның өмір сүру жағдайлары да қарама-қарсы өзгереді. Оңтүстік жартышарда: күз – қыс – көктем – жаз – күз. Солтүстік жартышарда: көктем – жаз – күз – қыс – көктем.

Егерде көлбеу бұрыш болмағанда және жер шары күннің жанында тікелей түрде айналып жүрсе, жыл мезгілдері тіптен жойылатын еді, себебі жер шарының жарықтанған кез келген нүктесі жоғалады да, салдарынан ауа бірқалыпты қызады.

Мұғалімнің мәтіні: Енді күн жүйесіне оралайық. Күн жүйесінің құрамына біз өмір сүріп жатқан Жер планетасы кіреді. Күн жүйесінің ортасында ең жарық, ыстық жұлдыз – Күн орналасқан. Оның айналасында сегіз планета әртүрлі қашықтықта айналып жүр. Олардың бірі, үшінші орында тұрған біздің Жер планетамыз (слайд 6).

Күн жүйесі туралы бейнебаянды көріңіздер(слайд 7). «Менің күн жүйем» тақырыбына мазмұндама жазыңыздар.

4. Қорытындылау:

1. Жыл бойына жер күнге қалай бұрылады?
2. Жыл бойына бір аймаққа қанша мөлшерде күн сәулесі түседі?
3. Жыл мезгілінің өзгерісіне байланысты не өзгереді?

Есте сақтандар!

1. Жыл мезгілінің өзгеруі Жер кіндігінің Күнге бұрыш жасай орналасуына байланысты болады!

2. Жер Күннен әрқашан бірдей, шамамен 149 млн. шақырым қашықтықта орналасады.

3. Жерден Күнге дейінгі арақашықтық, өлшем бірлігі ретінде – бір астрономиялық бірлік деп алынады.

5. Үй тапсырмасы (слайд 8)

Өзіңе ұнайтын жыл мезгілдің суретін сал және оның неге ұнайтынын айтып бер.

№ 15 ТАҚЫРЫП. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

Сабақтың мақсаты: оқулықтың бірінші тақырыптық топтамасы бойынша оқушыларда ОӘА (ой әрекеттері амалдары, яғни ойлауды іске асыру амалдары) және ББД (білім, білік, дағды) қалыптасуын тексеру.

Құрал-жабдықтар: проектор және экран (интерактивті тақта), қорытынды сабақтың электрондық нұсқасы, жұмыс дәптері және жауап парағы, өткен тақырыптардың көрнекіліктері мен кестелері, түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіш, қаралама қағаз.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру сәті

Сынып кезекшісінің ақпаратын тыңдау, қорытынды сабаққа қажет оқу құрал-жабдықтардың толықтығын тексеру.

2. Өткен тақырыпты қайталау

Маңғыстау облысында кездесетін табиғи зоналардың атауын өз жұмыс дәптерлеріңізге көшіріп жаз (слайд 2).

3-ші слайдтағы мәтінді өз жұмыс дәптерлеріңе көшіріп жаз. Әр аймақтағы (зонада) өсімдіктер мен жануарлардың қайсысы артық деп санасаң, соны сызып таста.

Маңғыстау облысының климатын дұрыс сипаттаған сөзді тауып, мәтінді жұмыс дәптерге көшіріп жаз (слайд 4).

Қоректік тізбекті жаса. Кім – кіммен қоректенетінін сызықша арқылы көрсет (слайд 5).

Суреттегі қоректік тізбекті қарастырайық (слайд 6). Төменде берілгендердің біреуін табиғаттан алып тастасақ не болатынын айт:

1. Тышқан
2. Микроағзалар
3. Шөп.

Суретті қара (слайд 7). Адамның іс-әрекеттері табиғатқа қалай теріс әсер ететіні туралы сипатта.

8-ші слайдтағы мәтінді көшіріп жаз. Ойланып, дұрыс жауапты белгіле.

Жұмбақтың шешімін тап (слайд 9):

<p>Дүниеде бір алыпты көрдім күшті, Бар салмақ дүниедегі соған түсті, Құнарлы қуатынан тояттанып, Әр түрлі жер бетінде жеміс пісті. (күн)</p>	<p>Әйнектей көгілдір, Теңіздей тым мөлдір. (Аспан)</p>
<p>Өлшеусіз піштім, Жіпсіз тіктім. (жер)</p>	<p>Көк төрінде жоғары, Ілулі тұр атамның Сапталмаған орағы. (Ай)</p>

№ 16 ТАҚЫРЫП. ӨСІМДІКТЕР МЕН ЖАНУАРЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлардың бейімделуі туралы жаңа ақпараттармен таныстыру.

Құрал-жабдықтар: интерактивті кешен, оқулық (жұмыс дәптері), тақырыпқа сай слайд.

Сабақтың жүрісі

1. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, оқушыларды қорытынды сабақ нәтижелерімен таныстыру.

2. Ұй тапсырмасын тексер

Қорытынды сабақ қателерімен жұмыс (10 минут).

3. Жаңа тақырыпты зерделеу:

Мұғалімнің мәтіні: Жаңа сабақты бастамас бұрын, балалар, маған мынадай сұрақтарға жауап беріндерші:

1. Жер бетін, бұдан мыңдаған жылдар бұрын да, қазіргі өсімдіктер мен жануарлар мекен етті ме?

2. Жануарлардың бір түрінің жойылып, орнына екінші түрлерінің пайда болуының ең басты себебі не болуы мүмкін?

3. Қалған тіршілік иелерінің сақталуына қандай жағдай көмектесуі мүмкін?

4. Жаңа жағдайға бейімделе алмаған жануарлар неге ұшырады?

5. Өмірдің жаңа өзгерісіне бейімделген жануарлар неге ұшырады.

(оқушылардың жауабы)

Мұғалімнің мәтіні: Осы сұрақтарға толық жауап табу үшін 1-ші слайдты мұқият қарап, мәтінді толық оқыңдар. Енді мен алғашқы қойылған сұрақтарды қайталасам, кімдер жауап бере алады? *(барлық бес сұраққа айтылған дұрыс жауаптар бекітіледі)* (слайд 2).

Түйін: Тек қана жаңа (өзгерген) жағдайларға, яғни жылу, су, ауа және топырақта болған өзгерістерге бейімделе алған жануарлар мен өсімдіктер аман қалды

Жер бетінде климат өзгерді. Ауа райы күрт суытты. Кейбір жануарлар суыққа шыдамай, жойылып кетті. Жануарлардың сипаттамасын оқып, қандай жануарлар туралы айтылғанын тап (слайд 3). *(батырманы басқан кезде дұрыс жауап бір-біріле шығады).*

Сергіту сәті:

Ақ көбіктің үнін тыңдап,

Теңіз болып, шайқалалық!

(Балалар орынында «қанаттарын» жсайып айналады,

Қанаттарын қағып ұшады,

екі жаққа қолдарын толқындата созып тербеледі.)

Қуыспақ ойнап, асыр сап.
Теңізде енді жүзелік,
Қайыққа отыр, ескек ал!
Дельфинге қуып жетелік,
(Балалар суда жүзу және
ескек есу қимылдарын жасайды.)

Суретті мұқият қара. Суретте қандай теңіз бейнеленгенін анықта! (слайд

- 4). Егер сіз жауап бергенге киналсаңыз, мен сізге әңгіме оқып берейін:

4. Қорытындылау:

1. Бұл үлкен теңізге қандай екі өзен құяды?
2. Бұл өзен суларын адамдар егістікке қалай пайдаланған?
3. Неге теңіз кебе бастады?
4. Қазір теңізден не қалды?
5. Бұрын су астында жатқан жерлер қазір неге айналды?
6. Жаңа жағдайға бейімделе алмаған өсімдіктер мен жануарларға не болды?

Сипаттамаларды оқып, өсімдіктер мен жануарлардың атын тауып жаз (слайд 5). *(батырманы басқан кезде бір бірлеп дұрыс жауап шығады).*

Сұрақтарға жауап беріңдер:

